Соғыстың солтүстікке жылжуы бойынша Сеулді азат еткеннен кейін БҰҰ күштері Солтүстік және Оңтүстік Корея арасындағы 38-ші параллель шекарадан өтіп, Қытаймен шекарадағы Ялу өзеніне дейін жылжиды. Бұл жағдайдан соң АҚШ әскерлері біздің территориялық аумаққа басып кіруі мүмкін деп қауіптенген Қытай дабыл қаға бастайды. 1950 жылдың аяғы-1951 жж. Қытай интервенциясына келсек, ҚХР Солтүстік Кореяға көмектесу үшін көп әскер жіберді. Қытай мен Солтүстік Корея күштерінің шабуылы нәтижесінде БҰҰ әскерлері шегінуге мәжбүр болды. Соғыс қайтадан Сеулді Солтүстік Корея күштерінің басып алуына әкелді.

Бірнеше айлық маневрлерден кейін майдан шебі 38-ші параллель төңірегінде тұрақтанды. Ұрыс позициялық соғыс кезеңіне көшіп, онда тараптар өз позицияларын ұстанды. Мұнан соң белсенді шабуыл операциялары сирек болды. Бітімге келу туралы келіссөздер 1951 жылы басталады. Бірақ келіспеушіліктерге байланысты, әсіресе соғыс тұтқындарын қайтару мәселесі бойынша келіссөздер созылып кетті. 1953 жылы 27 шілдеде бітімгершілік келісімге қол қойылып, соғыс қимылдарын тоқтатуға әкелгенімен бірақ бейбіт келісім жасалмады. Бүгінгі күнге дейін Корей түбегінде Солтүстік пен Оңтүстік Корея арасында шиеленіс әлі де бар [2].

Жалпы, 1950-1953 жж. екі Корей соғысы Түркия мен Оңтүстік Корея арасындағы дипломатиялық, саяси және мәдени байланыстардың басталуын білдіретін қарым-қатынастар тарихындағы маңызды кезең болды. Қақтығыс басталған кезде Түркия Республикасы мен Оңтүстік Корея арасында дипломатиялық қарым-қатынас болмаған. Сондықтан Түркия Республикасының Корей соғысына қатысуы екі елдің өзара сыйластық пен ынтымақтастыққа негізделген берік байланыстар орнатуына мүмкіндік берді. Бұл әскери қатысу олардың қарым-қатынасын нығайтып, Түркияның достас ел ретіндегі имиджіне септігін тигізген бауырластық қимылы ретінде қарастырылды. Бұл кейіннен елдер арасындағы саяси және мәдени алмасуларда көрініс тапты. Сонымен қатар олар бейбіт уақытта байланыстарын нығайта берді.



Түркия БҰҰ әскерлерінің құрамындағы түрік бригадасының құрамында Оңтүстік Кореяға 15 мыңнан астам сарбазын жіберді. Тәртіптілігімен, батылдығымен танылған түрік әскері шайқастарға белсене қатысып, Куну-ри шайқасы сияқты шайқастарда көзге түсті. Түрік сарбаздары Оңтүстік Кореяны қорғаудағы табандылығымен және адалдығымен танымал болды. Бұл әскери мақсаттарға жетуде және одақтастық қарым-қатынастарды нығайтуда маңызды рөл атқарды. Түрік сарбаздары БҰҰ-ның негізгі күштері ретінде ерлік көрсетуі оларға айтарлықтай шығынды болдырмауға мүмкіндік берді.

Түркия Республикасының соғысқа қатысуы тек әскери операциялармен шектелмеді. Жергілікті халыққа гуманитарлық көмек көрсетуге түрік контингенті де белсене атсалысты. Жауынгерлер медициналық көмек көрсетіп, мектептер салуға көмектесті. Сонымен қатар қираған инфрақұрылымды қалпына келтіруге және халықты азық-түлікпен қамтамасыз етіп отырды. Түркия Республикасының осындай көмегі корейлер арасында түрік халқын оң қабылдауға және елдер арасындағы сенімді нығайтуға ықпал етті.

Мехмет Сах Йылмаздың елші Эрсин Эрчиннен алған сұхбатында елші Корей соғысы кезіндегі түрік әскерлерінің жетістігі жайында: «Түрік сарбаздары оқ-дәрілердің жоқтығына және АҚШ әскерлерімен қарым-қатынаста күрделі мәселелерге қарамастан «жау» күштерін тоқтатып, жоя алды. АҚШ бастаған Біріккен Ұлттар Ұйымы әскерлері үміттерін үзген кезде түрік әскерлері жеңіске деген үмітті қайтадан туындатты. Америкалық генерал Макартур «қаһармандардың қаһармандары» деп мақтаған түрік сарбаздары өлімге қарсы ерліктері үшін АҚШ Конгресі мен Корея үкіметі тарапынан ерекше марапаттарға ие болды», - деген еді [3].

1975 жылы Түркия Республикасы мен Оңтүстік Корея арасында дипломатиялық және экономикалық қарым-қатынастарын нығайтып, кейінгі ынтымақтастықтың негізін қалаған келісімге қол қойды. Келісім екі елдің сауда қарым-қатынастарын дамытуға және технологиялармен алмасуға, әсіресе өнеркәсіптік секторға деген қызығушылықтарын көрсетті. Түркия мен Оңтүстік Корея экономикалық дамудың ұқсас кезеңінде болды және олардың халықаралық позицияларын нығайтудың жолдарын іздестіруі тығыз әріптестік орнатуға ықпал етті [4].

Бүгінде Түркия мен Оңтүстік Корея халықаралық деңгейде, әсіресе БҰҰ және G20 сияқты ұйымдарда өздерінің ұстанымдарын нығайтуға және ортақ мүдделерді ілгерілетуге белсенді түрде ынтымақтасуда. Осыған байланысты екі мемлекеттің БҰҰ-дағы өзара іс-қимылдарына келсек, қауіпсіздік пен бейбітшілікті қолдау салалары бар. Түркия мен Оңтүстік Корея қауіпсіздік мәселелеріне, бітімгершілік күштері мен терроризммен күреске үлкен көңіл бөледі. Екі мемлекет бітімгершілік миссияларында белсенді рөл атқарып, БҰҰ жанжалдарды бейбіт жолмен шешуге бағытталған бастамаларын қолдайды. Экономикалық және әлеуметтік қатынастарда Түркия мен Корея Республикасы экономикалық және әлеуметтік даму бағдарламалары бойынша бірлесіп жұмыс жасауда. Мысалы, екі ел де БҰҰ-ның Адам құқықтары жөніндегі кеңесінде және басқа органдарда тығыз ынтымақтаса отырып, тұрақты дамуды және климаттың өзгеруі мәселелерін шешуді жақтайды. Сонымен қатар екі мемлекет те халықаралық құқық принциптерін ұстанады және жаһандық деңгейде бейбітшілік пен әділеттілік үшін жағдайды жақсартуға жұмыс істейді. БҰҰ-да Түркия мен Корея Республикасы адам құқықтары, тұрақты даму және гуманитарлық дағдарыстар бойынша өз ұстанымдарын жиі үйлестіреді [5].

Ал G20 құрамында да бұл екі мемлекет бар. Сондықтан экономикалық үйлестіру жағынан Түркия мен Оңтүстік Корея G 20-ғы маңызды экономикалық серіктестер болып табылады. Олар халықаралық қаржы жүйесін реформалауды және дамушы елдердегі өсімді қолдауды қоса алғанда, жаһандық экономиканы тұрақтандыру шараларымен айналысуда.



Екі ел де климаттың өзгеруімен күресу және тұрақты экономикаларды дамыту шараларын белсенді түрде қолдайды. G20 отырыстарында Түркия Республикасы мен Оңтүстік Корея көміртегі шығарындыларын азайтуға, энергия тиімділігін арттыруға және жасыл технологияларды дамытуға бағытталған бастамаларды қолдайды. Түркия мен Корея Республикасы G20 аясында цифрландыру және инновациялар, соның ішінде цифрлық экономиканың инфрақұрылымын дамыту, технологияға инвестиция салу және киберқауіпсіздікті жақсарту бойынша ынтымақтастық орнатқан [6].

Қорытындылай келе, Корей соғысы Түркия Республикасы мен Оңтүстік Корея арасындағы берік қарым-қатынастың басталуының негізі болды. 1950 жылы Түркия БҰҰ күштеріне қосылып, Оңтүстік Кореяға көмек көрсету үшін әскер жіберген алғашқы елдердің бірі ретінде танылды. Бұл өзара қолдау мен сенімге бағытталған ұзақ мерзімді серіктестіктің негізін қалады. Түрік сарбаздары соғыс кезінде ауызбіршілік пен бейбітшілікті қорғауға ұмтылыс танытып, маңызды рөл атқарды. Қақтығыс аяқталғаннан кейін екі ел де өзара қарым-қатынастарын дамытуды жалғастырып, 1975 жылы екіжақты келісімге қол қойды. Ол келісім бойынша сауда және өнеркәсіп саласындағы ынтымақтастықтың ұлғаюының негізін қалады. Қазіргі кезеңде де Түркия Республикасы мен Оңтүстік Корея БҰҰ және G20 сияқты халықаралық ұйымдарда бір-бірін қолдап, жаһандық қауіпсіздік пен тұрақты экономикалық өсуді нығайтуын жалғастыруда. Екі мемлекет бітімгершілік бастамаларды, адам құқықтарын қорғауды және экологиялық мәселелерді шешуді жақтайды. Осылайша, Түркия мен Оңтүстік Корея арасындағы серіктестік тек тарихи жағынан ғана емес, сонымен бірге жаһандық сын-қатерлерді шешуге деген ортақ мүдделерін де көрсетеді.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Курбанов С.О. История Кореи: с древности до начала XXI в. - СПб.: Издательство Санкт-Петербург. университета, 2009. - 680 с. // URL: <https://psv4.userapi.com/s/v1/d/m31N4rT-> (дата обращения: 11.11.2024)
2. Berdal Aral. A Comparative Analysis Of Turkish and South Korean Foreign Policies And International Perspectives Since the end of the Second World War, // URL: <https://dergipark.org.tr/tr/download/article-file/421907> (дата обращения: 12.11.2024)
3. Mehmet Sah Yilmaz. Korean War key event in S. Korean, Turkish history, 26.07.2021. // URL: <https://www.aa.com.tr/en/asia-pacific/korean-war-key-event-in-skorean-turkish-history/2315000> (дата обращения: 12.11.2024)
4. Smith H. “Turkish-Korean Relations: Diplomatic Developments in the 20th Century”. 1979
5. Kim S. & Lee, J. South Korea and Turkey in Global Governance. - 2015. P. 45-60.
6. Yilmaz M. Turkey’s Role in the G20 and Its Relations with Asian Nations. 2020. — p. 120-135.
7. Relations between Türkiye and South Korea. Ministry of Foreign Affairs Republic of Turkey. // URL: <https://www.mfa.gov.tr/relations-between-turkey-and-the-republic-of-korea.en.mfa> (дата обращения: 14.11.2024)



ӘОЖ 332.1

ОҢТҮСТІК КОРЕЯНЫҢ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ДАМУЫНДАҒЫ ҒЫЛЫМИ-ТЕХНИКАЛЫҚ РЕСУРСТАРДЫҢ РӨЛІ

Халел Арай Сымбатқызы

Абылай хан атындағы ҚазХҚ және ӘТУ,
Шығыстану БББ 4-курс студенті
Алматы, Қазақстан

Аңдатпа: Мақалада ғылыми-техникалық ресурстың Оңтүстік Кореяның экономикалық дамуындағы рөлі қарастырылады. Ғылыми-техника саласының даму барысы, арнайы жобалар, инвестициялар, сонымен қатар, электроника, автокөлік, медицина және т.б. салалардың экономикалық өсудегі орнына көңіл бөлінеді. Сондай-ақ, экспорт өнімдері және олардың кірістері, ғылыми-техниканың экономика дамуындағы күшті және әлсіз тұстары, мүмкіндіктері мен қауіп-қатерлері, президенттердің және зерттеу орталықтарының жобалары мен ұсыныстары атап өтіледі.

Кілт сөздер: ғылыми-техникалық ресурс, экономика, Оңтүстік Корея, инфрақұрылым, чебол, электроника, автокөлік, медицина, АІ, инвестиция, инновация, Мун Чже Ин, стратегия, концепция.

Қазіргі уақытта технологиядағы жаңалықтар ашылуы, өнімнің артуы, экономикалық дамуда ғылыми-техникалық ресурстардың маңыздылығы жоғары. Оңтүстік Корея ғылыми-техника саласын дамыту нәтижесінде технология өндірушілерінің арасында көшбасшы бола отырып, әлемдік нарықта экономикасы күшті, дамыған мемлекет ретінде қалыптасты. Ғылыми-техникалық ресурстар зерттеу жүргізуге арналған инфрақұрылым ғана емес, басқа да білім, медицина, экология, технологиялар және т.б. салалары да кіреді. Бұл елдің бәсекеге қабілеттілігін артып, өмір сүру сапасын жақсартып, мәселелерді шешуге негіз болады.

XX ғасырдың II жартысында экономикалық өсу мен ғылыми-техникалық ресурстарды жаңғыртуға арналған жоспарлар мен стратегиялар қабылданды. Сонымен қатар, ірі конгломераттар пайда болып, әлемдік нарықта экономикасы дами бастады. Оңтүстік Кореяның ғылыми-техникалық ресурстары, оның ішінде білімге, ғылыми-зерттеулерге, сондай-ақ жоғары технологияларға салынған инвестициялар елдің аграрлық экономикадан әлемдегі жетекші өнеркәсіптік державалардың біріне айналуында шешуші рөл атқарды. Ғылыми зерттеулер, мемлекеттік сектор, университеттер мен жеке компаниялар арасындағы тығыз ынтымақтастық және инновацияларға бағдарлану оның экономикалық даму негізіне айналды. Бұл мақаланы жазудағы мақсат - Оңтүстік Кореяның экономикалық дамуындағы ғылыми-техникалық ресурстардың рөлін талдау, технологиялар мен ірі компаниялардың экономикаға әсерін анықтау болып табылады.

Корей түбегі 1950-53 жж. орын алған соғыстың салдарынан екіге бөлінгенін білеміз. Оңтүстік Корея жеке республика ретінде құрылғаннан кейін, АҚШ ғылыми-техникалық салада технологиялар мен білімнің дамуына өзіндік бағдарламалары арқылы инвестициялар құйып, көмегін көрсетті. Осы кезеңдегі негізгі міндет елдің әлеуетін қалпына келтіріп, ауыл шаруашылығы мен инфрақұрылымды дамыту және мамандарды дайындау болып табылды.



Кейін, 1960 жылдардың басында Пак Чон Хи президент болып тағайындалып, мемлекет қарқынды экономикалық дами бастады. Ол өзінің 5 жылдық жоспарларын ұсына отырып, чебољдар мен ғылыми-техникалық ресурстардың дамуын алғашқы орынға қойды. 960-70 жылдарда Оңтүстік Корей Республикасы ғылыми және білім беру инфрақұрылымының дамуын негізге алды. Мемлекет үшін ірі ғылыми орталықтар мен оқу орындарын ашу маңызды болып келді. Осы аралықта 1966 жылы Сеул қаласында ғылым мен технологияның дамуына арналған «Корей ғылым және технология институты» құрылды [1, 198 б.]. Сондай-ақ, 1971 жылы Тэджон қаласында АҚШ-тың қолдауымен «Корей ғылым және технология жетістіктерінің институты» (Korean advances institute of science and technology KAIST) [2, 98 б.] ашылып, ғылыми мамандарды дайындау және өнеркәсіпке қажетті технологияларды әзірлеуде шешуші рөл атқарады. Оңтүстік Кореяның экономикалық дамуына ғылыми-техниканың әсері бар екенінің тағы бір дәлелі 1967 жылғы алғашқы қадамдардың бірі елдің барлық ғылыми-техникалық бастамаларды ұйымдастыруға тікелей көмек беретін Ғылым және технологиялар министрлігін ашу болды. Яғни, бұдан шығаратын тұжырымдамамыз биліктің ғылыми-технологиялар арқылы жетістікке жетуге нақты мақсат қойғанын көреміз.

1990 жылдары Корея Республикасы негізгі үш саланы назарына алған болатын, олар: біріншіден, ғылым саласындағы зерттеуді дамыту; екіншіден, ғылыми-технологиялық ресурсты тиімді пайдалану және бөлу; үшіншіден, халықаралық қатынастарды кеңейту бағыттары болды. 1996 жылы Оңтүстік Корей Республикасында 2856 ғылыми-зерттеу мекемелері есептеліп, оның ішінде 163-і ғылыми-зерттеу институттары болса, 258-і оқу орындарындағы ғылыми орталықтар, ал қалған 2435 ғылыми мекеме жеке кәсіпорындарына тиесілі болып саналды [1, 200 б.]. Осылайша, XX ғасырда Оңтүстік Корея болашаққа арналған жоспарында ғылыми-техникалық институттар мен орталықтар құрылып, чебољдардың дамуын негізге ала отырғанының нәтижесінде әлемдік жоғары технологиялар нарығында жетекші мемлекет болуына мүмкіндік берді.

Қазіргі таңда, Оңтүстік Корея ғылыми-техника ресурстары бойынша алдыңғы қатардағы мемлекеттердің бірі болып табылады. Ең үздік деп танылатын ғылыми-техникалық рейтинг, яғни «Top - 100 Science and Technology Clusters» кластерінде 2022 жылы Сеул кластері - 4 орын, «KAIST» ашылған қала Тэджон - 20 орын, Пусан - 74 орын болса, Тэгу - 84 орынға жайғасқан болатын [3, 29 б.]. 2004 жылдың соңында ғылыми-техникаға бөлінген инвестиция көлемі 19 млрд АҚШ долларын құраған еді. Бұл көрсеткіштер ХХІ ғасырда да Кореяның ғылыми-техниканы одан әрі дамытқанын көрсетеді.

Оңтүстік Корея әлемдік нарықтағы ең көп технология экспорттаушы мемлекеттердің бірі деп білеміз. Әлем бойынша 2500 ірі компания болса, соның 60-ы «Samsung Electronics», «Hyundai Group», «LG Group» секілді Оңтүстік Корей компаниялары болып саналады. 2012 жылдың қорытындысы бойынша, тек қана «Samsung Electronics» Оңтүстік Кореяның ЖІӨ-нің 24%-ын құрап, әлем бойынша 10 инновациялық орталықтар ашқан болатын [2, 105 б.]. Соңғы жылдары «Samsung Electronics» мобильді техниканы ғана емес, 5G сияқты басқа да мобильды технологияны дамытатын инфрақұрылымдарға инвестиция құйып жатыр.

2010-2019 жылдары Корей Республикасында ғылыми-техника бизнесі екі есеге өскен, яғни 2010 жылы 32,8 трлн вонды құраса, 2019 жылы 68,8 трлн вон болған [4, 25 б.]. Сондай-ақ, 2013-2017 жыл аралығында Корея Республикасының президенті болған Пак Кын Хенің креативті экономикаға қадамдарының бірі «Ғылым, телекоммуникация және болашаққа жоспар министрлігін» (Ministry of science, ICT and future planning (MSIP)) құруы болып табылады.



2013 жылы MSIP келесі бесжылдыққа ғылыми-техниканы дамыту үшін креативті экономикаға арналған жоспар құрған болатын. Кейін, 2017-2022 жж. президент Мун Чже Ин кезінде өз бағдарламаларын ұсынып, жетістіктерге жетті. Оның бағдарламаларының бірі 2019 жылы жұмысын бастаған «AI және цифрлық технологиялардың дамуы» болды. Ол, AI экожүйесіне қолдау ретінде бағдарлама аясында 2020 жылы 1,7 трлн вон бөлген болатын. Бұл, Мун Чжэ Иннің ғылыми-техникалық бағытты қолдауының мақсаты өмір сүру деңгейін жақсартып, AI саласында негізгі ойыншы бола отырып, инновацияларды дамыту болып табылатының айқындайды десек болады.

Ғылыми-техникалық ресурстар Оңтүстік Кореяның әлемдік аренадағы экономикалық бәсекеге қабілеттілігінің негізгі факторларының бірі болып саналады. Корея Республикасында шикізат тапшы болғандықтан, жоғары технологиялар мен инновациялық жаңалықтарға негізделген экономикаға көшуді таңдаған болатын. Мемлекет АКТ, робототехника және т.б. салаларда маңызды рөл атқарып, негізгі елдер қатарына кіреді. Сондай-ақ, ғылыми-техникалық ресурстар, ҒЗТКЖ (ғылыми зерттеулер және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстар) инфрақұрылымы, мемлекеттік қолдау инновациялардың дамуын қамтамасыз етеді.

Ғылыми-техникалық ресурс Оңтүстік Кореяға мемлекеттер арасындағы бәсекелестікте көшбасшы болуға мүмкіндік береді. Оның негізгі мысалы ретінде, «Samsung Electronics» брендінің 2023 жылы әлем бойынша смартфон сату көрсеткіші 30% («Apple» компаниясы 31%) құрағанынан көрсек болады [5, 120 б.]. Сондай-ақ, 2023 жылы Корея бағдарламалық қамтамасыздық үшін 422,6 млн АҚШ доллар [3, 30 б.] инвестиция жасаған болатын. «Hyundai Motor Group» және «Samsung Electronics» компаниялары техникаларының тиімділігін арттыру үшін роботтар мен автоматтандырылған жүйелерді белсенді пайдалана бастады. Мысалы, атақты «Hyundai Motor» автокөліктеріне роботтандырылған жүйелер орнатқан болатын, бұл көліктің жаңашылдығына және сұранысқа алып келеді.

Оңтүстік Кореяның ғылыми-техникалық жетістіктері экспорттық бәсекелестікте дамуға көмек береді. Әсіресе, электроника, автомобиль, техника секілді салаларда маңызды рөл атқарады. Бұл, сыртқы сауданы ғана дамытып қоймай, саяси және нарықтағы бәсекеге қабілетін айқындайды. 2022 жылғы Корея Республикасы 705 млрд АҚШ долларына [6] экспорт жасап, әлем бойынша 5-ші орын алған болатын. Ал, 2023 жылы World's Top Export сайты жариялаған дерек бойынша 632 млрд АҚШ доллары [7], яғни 2022 жылдан 7.5%-ға төмендегені жайлы мәлімет берген болатын. Оңтүстік Корей экспортының ең танымал өнімдері электроника, интегралды схемалар, автокөлік және т.б. Оңтүстік Кореядан импорттаушы мемлекеттер: Қытай, АҚШ, Вьетнам, Жапония, Малайзия, Германия және т.б. елдер жатады. World's Top Export сайтының 2023 жылы шығарған статистикасы бойынша, Оңтүстік Кореяның ғылыми-техникалық өнімдерінің экспортының бірінші сатысында интегралды микроқұрылғылар тұр. Олардың экспорты 86 млрд АҚШ долларын құраса, екінші автокөлік экспорты, ол 68 млрд АҚШ долларын және автокөлік бөлшектері мен құрал-саймандары экспорты 19 млрд. АҚШ доллары деп есептелген екен. Сондай-ақ, компьютерлер экспорты 9 млрд. АҚШ долларын, теледидар, радио және радиолокация құрылғылары 8 млрд. АҚШ долларын құраса, смартфондар мен керек-жарақтары 7 млрд АҚШ доллары деген дерктер айтылады [7].

2023 жылғы Корея Республикасының сауда, өнеркәсіп және энергетика Министрлігінің айтуынша, интегралды микроқұрылғыны құрайтын жартылай өткізгіштердің экспорты 100 млрд АҚШ долларын құрайды деп хабарлайды. Мысалы, АҚШ-та жасалатын оңтүстік корейлік «Chip4» жаңа технология аясында жартылай өткізгіштер өндіру қарастырылуда, бұл Кореяның ғылыми-технологиялық зерттеулерінің және оның сапалы екенінің көрсеткіші деп білеміз.



Оңтүстік Кореяның экономикалық өсуіне табысты өнім шығаратын компаниялардың мысалы Samsung және LG компаниялары болып табылады. LG электроника компаниясының теледидарлары әр екінші адамның үйінде бар десе болады, олардың OLED-теледидары сапасы бойынша бірінші орында тұр десек қателеспеспіз. Корей компанияларының кірісі экономикаға айтарлықтай әсер етеді. Statista сайтының статистикасы бойынша 2023 жылы Samsung Group ең ірі чеболь болып, табысы шамамен алғанда 37.3 трлн вон болса, Hyundai Motor компаниясының таза табысы 11.7 трлн вон болып мемлекетте екінші ірі конгломерат болып табылды [8]. Осылайша, ғылыми-техникалық ресурстар Оңтүстік Кореяның экономикасына айтарлықтай әсер ете отырып, жаңа өнімдерді шығара отырып, оны арттыруға және экспортты кеңейтуге мүмкіндік береді.

Ғылыми-техникалық ресурстар өзекті мәселелерді шешуге арналған шешімдерді ұсына отырып, экономика мен қоғамға айтарлықтай әсер етеді. Медицина, экология сияқты өмір сүру сапасын жақсарту мен қартаю мәселелерінде де негізгі рөл атқарады. Оңтүстік Корея медицина саласында әлем бойынша алдыңғы қатардағы мемлекет. Пластикалық ота, роботталған ота және басқа да медицина саласындағы ауруларды емдеу бойынша көшбасшы, сонымен қатар, медициналық технология тұрғысында дамыған болып саналады.

2020 жылы әлем бойынша биомедициналық препарат өндіруден екінші орындағы мемлекет болғаны да көрсеткіш болып табылады. Сондай-ақ, 2020 жылғы сауда, өндіріс және энергетика Министрлігінің деректері бойынша Корей биотехнологиялық өндірісі 1749,23 млрд вонды құрап, Оңтүстік Корея экологиялық мәселелерді шешуге арналған ғылыми инновацияларды қолданып жатыр. 2020 жылы корей президенті Мун Чже Ин өзінің «Korean New Deal» стратегиясындағы негізгі үш бағытының бірі «Жаңа жасыл курсы» мемлекеттік экологияға байланысты болды. Жоба аясында ауаның ластануын азайту үшін 2025 жылға дейін «ақылды» мектептердің салынуына 15.3 трлн вон, медицинаны smart форматында жүргізуге 0.2 трлн вон, Green and Smart форматындағы өндіріс кешендеріне 4 трлн вон, ғимараттарды жасыл технология форматында реконструкция жасауға 5.4 трлн вон, жасыл энергетикаға 11.3 трлн вон, экологиялық транспорттарға 20.3 трлн вон инвестиция көлемі қарастырылған болатын. Экологиялық саясатта су және энергия сияқты «ақылды қалалық» технологияларды енгізу маңызды рөл атқарады. «The Korean New Deal» жобасы бойынша жасалатын 225 мың муниципалды жалға берілетін тұрғын үй фонды, 2170 мектепке дейінгі ғимараттар және медициналық орталықтарда күн сәулесінен энергия алатын панельдер қойылады деп жоспарлаған болатын.

Сонымен қатар, ауаның ластануына әсер ететін мәселелердің бірі көліктер болатын, алайда, үкімет электротранспорт санын 1.13 млн-ге жеткізіп, 1.2 млн дизельмен жүретін ескі көліктерді қайта өңдеуге жіберіп, сутегі көлігін 200 мыңға жеткізуге қаражат бөлді [9, 113 б.]. Осылайша, ғылыми-техникалық ресурстар экологиялық мәселелерді шешуде негізгі рөл атқарады. Елдегі қоршаған ортаның ластануы, табиғи ресурстарды тиімді пайдаланып, көміртегі ізін азайтуға жаңашылдық ашуға көмектеседі.

Ғылыми-техника саласы Оңтүстік Кореяның экономикалық дамуында әлемдік бәсекелестікке қабілетті екенінің айқындаушы ресурсы болып табылады. Сондықтан біз бұл мақаланы жазу барысында зерттеу жұмыстарына сүйене отырып, SWOT-анализ жасау арқылы күшті жақтары, әлсіз тұстары мен мүмкіндіктерін, қауіп-қатерлерін анықтауға тырыстық.



Күшті жақтары:	Әлсіз тұстары:
<p>1. Инфрақұрылымның жаңаруы. Мемлекетте дамыған университет, ірі конгломераттар және ғылыми-техникалық орталықтар жаңашылдықтарға инвестиция салып, ғылыми-техниканы дамытып жатыр.</p> <p>2. AI және ғаламтордың дамуы. Оқу орындары, бизнестер мен экономиканың жаңа мүмкіндіктерін аша отырып, дамуына көмек беріп жатыр.</p> <p>3. Жұмыссыздықтың азаюы. Жұмыссыздықтың аз болуы, мемлекеттің әрдайым экономикалық дамуын қамтамасыз етіп отырады.</p>	<p>1. Бәсекелестік деңгейі жоғары болуы. АҚШ, Қытай, Жапония секілді дамыған мемлекеттер, Оңтүстік Кореяға әрдайым жаңашылдық ойлап тауып, бәсекеге қабілетті болып отыруын талап етеді.</p> <p>2. Мамандардың жетіспеушілігі. Мамандардың әрдайым жаңашылдыққа дайын болуы және кадрлардың білікті болмауы жаңа технологиялардың тез дамуына кедергісін келтіреді.</p> <p>3. Жаңашылдықты зерттеулерге кететін қаражат. Ғылыми-техниканың дамуына көп инвестиция бөлінсе де, бұл экономикалық дағдарысқа алып келуі мүмкін.</p>
Мүмкіндіктері:	Қауіп-қатерлер:
<p>1. АКТ-ның дамуы. АКТ дамуы жаңа жұмыс орындарын ашып, өндірісті көбейтуге және экономикалық дамуға көмек береді.</p> <p>2. Стартаптар. Стартаптар Оңтүстік Кореяда экожүйе, биотехнология және т.б. салалардың дамуына көмектеседі.</p> <p>3. Экологиялық даму.</p>	<p>1. Демографиялық мәселе. Оңтүстік Кореяның негізгі мәселесі мемлекетте қарттардың саны көп болуы. Бұның нәтижесінде жұмыс күшінің аз болып, бәсекелестікке кері әсер етуі.</p> <p>2. Экономикалық тұрақсыздық. Саяси өзгерістер, санкциялар мен әлемдік кризистер</p>
<p>Корея альтернативті энергия көзін дамыту арқасында қоғамды жаңа жұмыс орындарымен қамтамасыз етіп, экологиялық техникаларды экспорт жасай алады.</p>	<p>ғылыми-техниканың әрі қарай дамуын тежеуі қауіпті болып саналады.</p>

1-кесте. Авторлық жұмыс. Ғылыми-техникалық ресурстардық экономикаға деген әсері бойынша SWOT-анализ.

Оңтүстік Корея көшбасшы мемлекет ретінде өз позициясын нығайту үшін жаңашылдықтарға қаражат құйып, экономикалық өсуін тоқтатпауы қажет. Ғылыми-техникалық ресурстардың дамуы Оңтүстік Кореяның болашақ экономикасының әрі қарай алдыңғы қатарлы болуына септігін тигізеді. Корея Республикасы ғылыми-техниканың дамуына арналған бірқатар концепцияларды қабылдаған еді. Алғашқысы болып, 1999 жылы қабылданған «Ғылым мен техниканы дамытудың ұзақ мерзімді перапективасы 2025 жыл» концепциясы, сонымен қатар, 2010 жылы «2040 жылға қарай ғылым мен техниканың даму перспективасы» болды [4, 59 б.].

Мун Чжэ Ин президент кезіндегі тағы бір іске асқан «Корей инновациялары - болашақтағы қиындықтар мен өзгерістер, 2045 жыл» концепциясы ғылыми-техникалық мәселелерді қарастырып, корей қоғамына арналған ұзақ мерзімді жоспарларды жасайды. Концепцияда сегіз шешімі күрделі мәселе және оларды шешуге арналған 16 бағыт қарастырылған.

Сондай-ақ, ФТИ (ғылыми-техникалық институт) жасап шығарған «болашақ стратегиялық комитеті, 2045 жыл» әр бесжылдыққа ғылыми-техникалық салада жоспарлар құрып отырады. Бұл ғылыми-техниканың мемлекетте әлі дамуын тоқтатпай, экономикалық өсуге әсер ететінің айқындайды.



Қорытындылай келе, Оңтүстік Корея ғылыми-техникалық ресурстарының дамуы нәтижесінде әлемде жоғары экономикаға ие, әрі бәсекелестікке қабілетті мемлекет ретінде саналады. Ғылым мен технологияны дамыту арқасында электроника, автокөлік жасау, биотехнология, AI, АКТ, жасыл энергетика салаларында жетістіктерге жетіп отыр. Әлемдегі өзінің орнын сақтап қалу мемлекет үшін маңызды. Алайда осындай жетістіктерге қарамай Корея Республикасында бірнеше мәселелер әлі шешімін таппауын да атай кеткен жөн. Мысалы, әлеуметтік тұрғыда қарттардың көп болуы жұмыс күшінің тапшылығына алып келіп, экономикаға әсер етуі мүмкін. Осыған қарамай, Оңтүстік Корея ғылыми-технологияда жаңалықтар ойлап тауып, кадрларды мамандандыруын тоқтатар емес. Болашақта Корея Республикасы жаһандық мәселелерді шешу үшін ғылыми-техникалық ресурсты белсенді пайдаланып, көшбасшы позициясын нығайтуды жалғастырды деп ойлаймыз. Технологияны дамыту, стартаптар және инновацияға инвестициялар экономиканың өсуіне ықпал етеді. Ғылыми-техникалық ресурстардың дамуы және олардың тиімділігі Оңтүстік Кореяның бәсекеге қабілеттілігін сақтап қана қоймай, оған қоса, әлемдік өзгерістердің экономикаға және мемлекетке әсер етпеуіне ықпал етеді.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Суслина С.С. Роль инновации в современном экономическом развитии в Южной Кореи // «Корея. Десятилетие новых возможностей». 2011, С. 280. // URL: <https://www.elibrary.ru/item.asp?id=23841690>
2. Шокиров А.А. Основные направления развития экономической политики Республики Корея // Казанский Вестник молодых ученых, 2019. Том 3. № 1 (9), С. 96-108 // URL: https://kpfu.ru/portal/docs/F_949243721/11.Shokirov.MAKET.pdf
3. Самсонова В.Г. Опыт Республики Корея в развитии НИОКР: проблемы и перспективы // Вестник Самарского государственного экономического университета. 2023, стр. 27-37 // URL: https://vestnik.sseu.ru/view_pdf.php?pdf=8100
4. Пипия Л.К., Дорогокупец В.С. Инновационная система Южной Кореи // «Наука за рубежом» шолу-басылымы. 2024, С. 84 // URL: https://issras.ru/global_science_review/Nauka_za_rubejom_n122.pdf
5. Бойматова М.Ф. Влияние международного маркетинга на экономику в развивающихся странах на примере корпоративного бренд Samsung // Международный научный журнал «Молодой ученый». 2023, С. 76. // URL: <https://moluch.ru/archive/498/109474/>
6. South Korea. The Observatory of Economic Complexity, 2022 // URL: <https://oec.world/en/profile/country/kor>
7. Workman Daniel. South Korea`s Top 10 Export. World`s Top Exports, 2023 // URL: <https://www.worldstopexports.com/south-koreas-top-10-exports/>
8. Net income of conglomerates South Korea 2023, by business group, 2023 // URL: <https://www.statista.com/statistics/1314478/south-korea-net-income-of-conglomeratesby-business->
9. Самсонова В.Г. Южнокорейская политика в сфере науки и техники // Контуры глобальных трансформации: политика, экономика, право. 2021, С. 109-121. // URL: <https://cyberleninka.ru/article/n/yuzhnokoreyskaya-politika-v-sfere-nauki-i-tehniki/viewer>



УДК 616.12

THE RISK OF DEVELOPING CONTRAST-INDUCED NEPHROPATHY IN PATIENTS WITH TYPE 2 DIABETES MELLITUS TAKING METFORMIN, WITH ACUTE CORONARY SYNDROME, AFTER CORONARY ANGIOGRAPHY. THE RELATIONSHIP OF THE DEVELOPMENT OF CONTRAST-INDUCED NEPHROPATHY WITH AN INFARCT-RELATED ARTERY

Kabylseit Alua Oralkhanovna

NAO Karaganda Medical University, resident cardiologist
of the 3rd year of study in the specialty cardiology adult, including children,
Karaganda, Kazakhstan

Abstract: This research study is aimed at studying such an urgent and important clinical topic as the development of contrast-induced nephropathy in patients with type 2 diabetes mellitus taking metformin as the drug of choice for therapy, who developed acute coronary syndrome and who underwent coronary angiography for medical reasons.

Myocardial infarction (MI) in patients with type 2 diabetes occurs 1.5–3.0 times more often than in the general population. DM is present in 25-30% of patients admitted with ACS and in 40% of patients undergoing CABG. Patients with DM undergoing revascularization with coronary artery bypass grafting (CABG) or percutaneous coronary intervention (PCI) are at greater risk of kidney damage than patients without DM.

As well as the results of the study, the relationship between the development of contrast-induced nephropathy and the main infarct-related artery was revealed.

Key words: contrast-induced nephropathy, type 2 diabetes mellitus, metformin.

Introduction

Due to the increase in diagnostic and therapeutic measures in patients with type 2 diabetes mellitus, in which contrast agents are used, the main route of elimination of which are the kidneys, today contrast-induced nephropathy (CIN) is one of the most urgent problems of medicine. According to the recommendations of the European Society of Cardiology 2018 on myocardial revascularization, it is recommended to check the quality of kidney function in all patients who took metformin immediately before coronary angiography (CAG), due to the risk of lactate acidosis and CIN, and to suspend the use of metformin if renal function worsens. In acute coronary syndrome (ACS), it is impossible to cancel metformin in advance, due to understandable reasons.

The purpose of the study:

1. To evaluate the safety of taking metformin, as the drug of choice for the treatment of type 2 diabetes, in patients undergoing CAH, in terms of the risk of developing KIN after CAH.
2. Determine whether there is a connection between an infarct-related artery and the development of CIN.

Materials and methods:

1. The study was conducted on the basis of the multidisciplinary hospital (MB) N 2 in Karaganda, Kazakhstan.
2. 45 women and 55 men participated in this study.



3. A copy and retrospective analysis of data from 100 case histories of patients who underwent inpatient treatment in 2023-2024 in the department of acute coronary insufficiency (OCD) in MB N 2 in Karaganda with a diagnosis of STEMI and STEMI, with a history of type 2 diabetes, who received metformin before admission, without/with the withdrawal of the drug before the CAG.

Table 1

The main used indicators are

Indicators	n=100
Age, years, M±SD (min-max)	57,8+7,7 (36-75)
Men, n/%	55/55
Women, n/%	45/45
Kidney disease (including diabetic nephropathy), n/%	64/64
Hypoglycemic drugs, n/%	83/83
- of these, metformin, n/%	79/95,1

If the patient had at least one of the following criteria at the time of admission to the hospital:

1. the use of insulin therapy before MI;
2. Glycemia at intake ≥ 12.1 mmol/l;
3. the presence of acute heart failure (OSN);
4. eGFR < 30 mmol/L
5. analysis of the performed coronary angiography, with the identification of the main infarct-related artery (PNA, OA, PKA)

then such a patient was prescribed insulin monotherapy, then analyzing laboratory data, it was decided whether to prescribe tableted hypoglycemic drugs (TSP).

If the patient did not have any of the above criteria, in this case, TSP could be prescribed as early as the 1st day of hospitalization, except for metformin and iNGLT-2, which could be prescribed no earlier than 48 hours after CAG.

The examination of patients included:

1. Analysis of the period of hospitalization from the moment of onset of symptoms (in hours);
2. creatinine analysis at the time of admission and 48 hours after CAG;
3. calculation of the glomerular filtration rate of the kidneys according to the CKD-EPI formula at the time of admission and 48 hours after CAG;
4. glucose analysis at the time of admission and 48 hours after CAG;
5. analysis of the performed coronary angiography, with the identification of the main infarct-related artery (PNA, OA, PKA).

All patients who are going to undergo a procedure with intravascular (intravenous or intraarterial) administration of iodine-containing RCP in the future need to assess the risk of developing CIN and the presence of impaired renal function.

Results:

Table 2

Results

Full name	CAG Extra/Delayed	The period of hospitalization from the moment of onset of symptom, n (%) 2-12, 12-24, more than 24	M +	M-(cancellation at the hospital	Creatinine on admission	Creatinine after 48 hours	CKD-EPI on admission	CKD-EPI after 48 hours	Glucose on admission / after 48 hours	RCA LAD CX
Patient N	E	5	+		59	60	98	99	8/7.3	DB 1: subocclusion of the proximal third RCA: stenosis of 50% of the proximal third, stenosis of 60-70% of the middle third, occlusion of the distal third, the distal bed is not filled Shown: RCA stent
Patient A	E	6	+		76	89	80	93	9.8/7.8	LAD: stenosis of the proximal third is 60%, stenosis of the middle third is 70-80%. DB 1: shallow, suboccluded throughout. CX: thrombogenic occlusion from the level of the middle third. OM 1: the norm. OM2: the norm. OM3: thrombogenic occlusion. RCA: stenosis of the mouth 80%, stenosis of the middle third 70%. Shown: PCI CX-OM3




Figure 1. The risk of developing KIN after CAH

Table 3

Creatinine levels at the time of admission and 48 hours after CAG

creatinine on admission	creatinine after 48 hours
cp.82 mmol/l	cp. 102 mmol/l

Increased by 24% (0.24 rubles).

Table 4

The level of glomerular filtration rate at the time of admission and 48 hours after CAG

eGFR on admission	eGFR after 48 hours
cp. 54 ml/min/1.73 m2	cp. 57 ml/min/1.73 m2

Increased by 5% (0.05 rubles).




Fig.2. Increase in creatinine and eGFR upon admission and 48 hours after CAG

Table 4

Glucose level at admission and 48 hours after CAG

Full name	CAG Extra/ Delayed	The period of hospitalization from the moment of onset of symptom, n (%) 2-12, 12-24, more than 24	M +	M- (cancellation at the hospital	Creatinine on admission	Creatinine after 48 hours	CKD-EPI on admission	CKD-EPI after 48 hours	Glucose on admission / after 48 hours	RCA LAD CX
Patient N	E	5	+		59	60	98	99	87.3	DB 1: subocclusion of the proximal third RCA: stenosis of 50% of the proximal third, stenosis of 60-70% of the middle third, occlusion of the distal third, the distal bed is not filled Shown: RCA stent
Patient A	E	6	+		76	89	80	93	98/7.8	LAD: stenosis of the proximal third is 60%, stenosis of the middle third is 70-80%. DB 1: shallow, suboccluded throughout. CX: thrombotic occlusion from the level of the middle third. OM 1: the norm. OM2: the norm. OM3: thrombotic occlusion. RCA: stenosis of the mouth 80%, stenosis of the middle third 70%. Shown: PCI CX-OM3

At the same time, almost all patients with acute coronary syndrome had high glucose levels upon admission, which decreased after coronary angiography. Whereas, against the background of discontinuation of metformin for the first 48 hours after coronary angiography, with the appointment of insulin replacement monotherapy according to the indications indicated above or other groups of TSP by 14.3% (0.14 p.), respectively.




Fig.3. Decrease in glucose levels after discontinuation of metformin after CAG

Table 5

Analysis of the identification of the main infarct-related artery

Full name	CAG Extra/Delayed	The period of hospitalization from the moment of onset of symptom, n (%) 2-12, 12-24, more than 24	M +	M-(cancellation at the hospital	Creatinine on admission	Creatinine after 48 hours	CKD-EPI on admission	CKD-EPI after 48 hours	Glucose on admission / after 48 hours	RCA LAD CX
Patient N	E	5	+		59	60	98	99	8/7.3	DB 1: subocclusion of the proximal third RCA: stenosis of 50% of the proximal third, stenosis of 60-70% of the middle third, occlusion of the distal third, the distal bed is not filled Shown: RCA stent
Patient A	E	6	+		76	89	80	93	9.8/7.8	LAD: stenosis of the proximal third is 60%, stenosis of the middle third is 70-80%. DB 1: shallow, suboccluded throughout. CX: thrombotic occlusion from the level of the middle third. OM 1: the norm. OM2: the norm. OM3: thrombotic occlusion. RCA: stenosis of the mouth 80%, stenosis of the middle third 70%. Shown: PCI CX-OM3

Also, analyzing the results of CAG in patients with ACS, a link was revealed between the development of CIN and an infarct-related artery. Namely, the development of CIN in patients in whom the right coronary artery (PKA) was the main infarct-related artery more often than the circumflex artery (OA) or the anterior descending artery (PNA) according to this table.




Fig.4. Identification of the relationship between the development of CIN and the main infarct-related artery

Key findings of the study:

1. Patients with type 2 diabetes mellitus taking metformin, as the drug of choice for type 2 diabetes therapy, with ACS who underwent CAG, have a risk of developing KIN, based on a comparison of creatinine, eGFR data at the time of admission and 48 hours after CAG, according to our study.

2. This study showed that strict compliance with the recommendations of the European Society of Cardiology 2018 on myocardial revascularization, which recommend checking kidney function if patients took metformin immediately before CAH, and suspending metformin if kidney function worsens, is relevant, since according to our study, the relationship between the development of KIN and metformin intake was revealed before the CAG.

3. We have identified a link between the development of KIN in patients with type 2 diabetes taking metformin, as the drug of choice for type 2 diabetes therapy, with ACS, who underwent CAG, and with an infarct-related artery. Namely, the relationship between the development of CIN and the right coronary artery, as the main infarct-related artery, in comparison with other coronary arteries.

Conclusion

The present study showed that patients with DM2 taking metformin have a risk of developing contrast-induced nephropathy after coronary angiography.

And also, a link was found between the development of CIN and a heart attack-related artery, in particular with the right coronary artery. The results highlight the importance of following the recommendations for the management of such patients, including checking kidney function and suspending metformin intake when the condition worsens.

LIST OF LITERATURE:

1. "KDIGO 2022 Clinical guidelines for the prevention, diagnosis and treatment of contrast-induced nephropathy";
2. "ESC recommendations for the management of patients with acute coronary syndrome without persistent ST segment 2020";
3. "ESC/EACTS Recommendations for myocardial revascularization 2018";
4. «Contrast-induced nephropathy» McCullough P.A., Soman S.S. Crit. Care. Clin., 2005;
5. «Incidence of contrast nephropathy in patients receiving comprehensive intravenous and oral hydration» Mueller C., Seidensticker P., Buettner H.J. et al. Swiss Med. Wkly, 2005.



ӘОЖ: 55.21.19

**БОЛАТ 45 БЕТІНІҢ ЭЛЕКТРОЛИТТІК-ПАЗМАЛЫҚ АЗОТТАУ ӘДІСІМЕН
МОДИФИКАЦИЯСЫ****Рүстемов Ануар Саятбекұлы**Д. Серікбаев атындағы Шығыс Қазақстан техникалық университеті
Өскемен, Қазақстан

Аннотация. Бұл жұмыста әртүрлі су электролиттерінде өңделген 45 болаттың құрылымы мен қасиеттеріне катодтық азоттаудың әсері жан-жақты зерттелді. Рентгендік зерттеулер мен электрондық микроскопияны қамтитын талдау нәтижесінде азоттау процесі бетінде оксидтік, нитридтік және мартенситтік қабаттардан тұратын көпқабатты құрылымның қалыптасуына ықпал ететіні анықталды. Қолданылған электролиттің құрамына байланысты модификацияланған қабаттардың фазалық құрамы мен қалыңдығындағы өзгерістер болаттың механикалық қасиеттеріне елеулі әсер етеді, бұл өңдеуден кейінгі материалдардың қаттылығы мен тозуға төзімділігіндегі айырмашылықтармен расталады. Атап айтқанда, құрамында натрий карбонаты (Na_2CO_3) мен несепнәр (мочевина) ($\text{CH}_4\text{N}_2\text{O}$) бар электролит қолданылған кезде, тығыз нитридтік қабаттың түзілуі нәтижесінде 986 HV деңгейіндегі ең жоғары микрокаттылыққа қол жеткізілді. Сонымен қатар, электролитке нитрат селитрасын қосу микрокаттылықты 882 HV-ға дейін сәл төмендеткенімен, қосымша нитридтер мен оксидтерді қамтитын күрделі әрі тұрақты фазалық құрылымның қалыптасуына ықпал етті, бұл коррозияға төзімділікті арттырады. Жұмыстың нәтижелері болаттың қаттылық, тозуға төзімділік және коррозияға қарсы тұру сияқты жақсартылған пайдалану қасиеттеріне қол жеткізу үшін электролит құрамын оңтайландырудың маңыздылығын атап көрсетеді. Жүргізілген зерттеу катодтық азоттаудың болат 45-тің механикалық және беткі қасиеттерін жақсартудың тиімді әдісі ретіндегі әлеуетін көрсетеді, бұл оны жоғары жүктемелер мен агрессивті орта жағдайларында қолданудың жаңа мүмкіндіктерін ашады.

Кілт сөздер: электролит-плазмалық азоттау (ЭПА), нитридті қабат, сулы электролиттер, тозуға төзімділік, диффузиялық қанықтыру, беткі модификация.

1. Кіріспе

Электролит-плазмалық азоттау (ЭПА) плазмалық және электролиттік өңдеу әдістерінің артықшылықтарын біріктіретін беткі беріктендірудің инновациялық технологиясы болып табылады. Бұл әдіс орта көміртекті 45-ші болатты қоса алғанда, әртүрлі болаттардың бетінде жоғары сапалы азотталған қабаттарды қалыптастыруды қамтамасыз етеді. ЭПА қорғаныш нитридті қабаттардың түзілуі арқылы материалдардың механикалық қасиеттерін айтарлықтай жақсартуға мүмкіндік береді, бұл олардың қаттылығы мен тозуға төзімділігін арттырады [1]. ЭПА электролиттік ваннада жүзеге асырылады, онда болаттың бетіне плазмалық разряд пен электролиттік ерітінді әсер етеді. Жоғары кернеудің әсерінен ерітіндіде плазма түзіледі, ол азотты иондайды және оның болат бетіне диффузиялануына ықпал етеді. Бұл материалдың бетінің қаттылығы мен тозуға төзімділігін айтарлықтай арттыруға мүмкіндік береді [2].



Электродит-плазмалық азоттау XX ғасырдың соңында дәстүрлі технологиялардан асып түсетін жетілдірілген беткі беріктендіру әдісі ретінде дами бастады. Бастапқы зерттеулер бұл әдістің жоғары тиімділігін көрсетті, бұл оның параметрлерін оңтайландыруды қоса алғанда, процесті одан әрі зерттеу мен жетілдіруге түрткі болды [3]. Орта көміртекті 45-болат, құрамында шамамен 0,45% көміртегі бар, күш пен пластикалық қасиеттердің үйлесімі арқасында машина жасау саласында кеңінен қолданылатын материал болып табылады. ЭПА оның беткі қасиеттерін, мысалы, қаттылығы мен тозуға төзімділігін айтарлықтай жақсартуға мүмкіндік береді, бұл әдісті осы болатты өңдеу үшін ерекше тартымды етеді [4]. Зерттеулер көрсеткендей, ЭПА нәтижесінде 45-болаттың бетінде ұсақ дәнді құрылымы бар азотталған қабаттар түзіледі. Бұл қабаттар жоғары қаттылық және тозуға төзімділікпен ерекшеленеді. Темір нитридтері мен басқа да қосылыстардың түзілуі бетінің қаттылығын арттыруға ықпал етеді [5]. Азотталған қабаттардың құрылымы мен қасиеттерін қалыптастыруда процестің температурасы, өңдеу ұзақтығы, электродит құрамы және қолданылатын кернеу сияқты параметрлер маңызды рөл атқарады. Зерттеулер көрсеткендей, осы параметрлерді дұрыс баптау және оңтайландыру 45-болаттың бетінің қасиеттерін айтарлықтай жақсартуға мүмкіндік береді, соның ішінде қаттылықты, тозуға төзімділікті және коррозияға төзімділікті арттыру [6]. Дәстүрлі әдістермен, мысалы, цементация және қатайтумен салыстырғанда, ЭПА бірнеше артықшылықтарға ие, соның ішінде төменгі өңдеу температурасы, аз энергия шығындары және азотталған қабаттың құрамы мен қалыңдығын дәл бақылау мүмкіндігі. Бұл артықшылықтар ЭПА-ны өнеркәсіптік қолдану үшін тартымды таңдау етеді [7]. ЭПА-ның негізгі артықшылықтарының бірі - 45-болаттың микроқаттылығының айтарлықтай артуы. Бірқатар зерттеулер көрсеткендей, ЭПА нәтижесінде беткі қабаттың микроқаттылығы 1050–1130 HV дейін жетуі мүмкін, бұл γ -Fe₄N және ϵ -Fe₂-3N сияқты нитридті фазалардың түзілуімен түсіндіріледі [8,9]. Бұл қатты фазалар болатты азотпен қанықтыру кезінде жоғары температураларда түзіледі, бұл материалдың механикалық жүктемелерге қарсы төзімділігін арттырады [10,14]. Орта көміртекті 45-болаттың тозуға төзімділігі ЭПА қолданғаннан кейін айтарлықтай артады. Зерттеулер көрсеткендей, өңдеуден кейін үйкеліс коэффициенті 0,61-ден 0,52-ге дейін төмендейді, ал тозуға төзімділік 70 есе артады [9,15,18].


Бұл болат бетінде қатты нитридті қабаттың түзілуімен байланысты, ол абразивті тозуға жоғары төзімділікті қамтамасыз етеді және интенсивті механикалық жүктемелер кезінде тозу жылдамдығын төмендетеді [11,21]. ЭПА процесіндегі фазалық өзгерістер темір нитридтерінің (γ -Fe₄N және ϵ -Fe₂-3N) түзілуін қамтиды, олар болаттың механикалық беріктігін айтарлықтай арттырады және термиялық әсерлерге төзімділігін жақсартады [14,18,19]. Бұл фазалық құрылымдар кейінгі термиялық өңдеуден кейін де тұрақты болып қалады, бұл жақсартылған сипаттамалардың ұзақ мерзімділігін қамтамасыз етеді [10,16]. ЭПА кейін 45-болаттың коррозияға төзімділігі айтарлықтай артады, өйткені ол темір оксидтері мен нитридтерінен тұратын қорғаныс қабатын түзеді. Зерттеулер көрсеткендей, коррозиялық ток тығыздығы өңделмеген болат үшін 23 μ A/cm²-ден ЭПА кейін 8 μ A/cm²-ге дейін төмендейді [8,9,20]. Бұл ЭПА-ның болаттың коррозияға төзімділігін жақсартуда тиімділігін растайды, бұл оны агрессивті ортада қолдануға ыңғайлы етеді [12,17].

Электродит-плазмалық азоттау орта көміртекті 45-болаттың пайдалану қасиеттерін жақсартуда жоғары тиімділікті көрсетеді. Микроқаттылық, тозуға төзімділік, фазалық өзгерістер мен коррозияға төзімділіктің жақсаруы ЭПА-ны әртүрлі өнеркәсіптік қолдануларда пайдалану үшін болашағы зор әдіс етеді. Зерттеу нәтижелері осы әдістің маңыздылығын және оның одан әрі дамуы үшін әлеуетін растайды.

2. Әдістер

ЭПА жүргізу үшін 45-болаттан 15 мм x 15 мм x 10 мм өлшемді үлгілер дайындалды. Процесс басталмас бұрын, үлгілердің беттері НУМР-2 тегістеу-полировка станогында $Ra 1,0 \pm 0,1$ мкм деңгейіне дейін алдын ала өңдеуден өтті. Полировка аяқталғаннан кейін, үлгілер абразивті материалдар мен кез келген ластануларды жою үшін мұқият ағынды сумен жуу арқылы тазартылды. Эксперимент ЭПА орнатылған 40 кВт қуатты тұрақты тоқты түзеткішпен және плазмотрон орналастырылған арнайы өңдеу камерасымен жабдықталған қондырғыда жүргізілді. Эксперимент барысында екі түрдегі электролит пайдаланылды:

Бірінші электролит 10% натрий карбонаты (Na_2CO_3), 20% несепнәр (мочевина) (CH_4N_2O) және 70% дистилденген судан тұрды. Екінші электролит 10% натрий карбонаты (Na_2CO_3), 15% несепнәр (мочевина) (CH_4N_2O), 5% аммиак селитрасы және 70% дистилденген судан тұрды.



Сурет 1 – Электролиттік-плазмалық модификация қондырғысы.

1-суретте болатты электролиттік-плазмалық азоттау қондырғысының схемасы көрсетілген, мұнда әрбір элемент процессте маңызды рөл атқарады. Процесс қуат көзінен (1) кернеу беру арқылы басталады, ол электроплазмалық доға қалыптастыру үшін қажетті ток пен кернеуді қамтамасыз етеді. Өңделетін бөлшек (3), электролит ваннасына (2) батырылады, және қуат көзінің теріс полюсіне қосылады. Насос (4) арқылы жүйеде айналатын электролит — азот иондары бар су ерітіндісі, олар болат бетінде нитридті қабаттар түзету үшін қажет. Кернеу берілу кезінде бөлшек пен электролит арасында электрлік доға (5) пайда болады, ол бөлшектің бетіне жақын жерде газды иондайды, плазманы қалыптастырады. Плазмалық разряд процесінде электролиттегі азот болат бетіне енеді, нитридтер түзеді, бұл материалдың қаттылығы мен коррозияға төзімділігін айтарлықтай арттырады. Форсункалар (6) өңделетін бетке электролит жеткізуді қамтамасыз етіп, біркелкі азоттауды жеңілдетеді.



Бұл технология болат өнімдерінің пайдалану қасиеттерін, мысалы, арттырылған тозуға төзімділік пен жақсартылған коррозияға төзімділік сияқты қасиеттерді алуға мүмкіндік береді, бұл оны өнеркәсіпте сұранысқа ие етеді.

Рентгенофазалық талдау Xpert PRO PANalytical құрылғысы көмегімен жүргізілді. Эксперимент барысында мыс анодына 40 кВ кернеу және 30 мА ток берілді. Зерттеу Cu-K α сәулеленуін ($\lambda = 1,541 \text{ \AA}$) пайдаланып, 30-100 градус аралығында 0,02 градус кадаммен және әр кадам үшін 0,5 секундтық есептеу уақытында жүргізілді. Алынған дифрактограммалар негізінде фазалық талдау HighScore Plus бағдарламалық жасақтамасы арқылы жүзеге асырылды. Үлгілерді дайындау, түсіру шарттарын таңдау және дифрактограммаларды өңдеу әдістемелерге сәйкес жүргізілді, олар толықтай дереккөзінде сипатталған[23].

1. *Оқу кезеңдері:* алдымен сүйікті ойыншық сияқты балаға қызықты заттарын таңдау керек. Содан кейін оның қолын бағыттап: "ойыншықты саусағыңмен көрсет" деп нұсқау беру керек. Бала әрекетті орындаған кезде мен шеберлікті нығайту үшін мақтау және кішігірім сыйақылар сияқты оң күшейтуді қолдандым. Қайталау процесінде бала біртіндеп меңзегіш қимылды өздігінен қолдануды үйренді.

2. *Кеңестерді біртіндеп азайту:* бала менің көмегімен заттарды көрсете бастағаннан кейін, кеңестерді төмендете бастау керек. Мысалы тек ауызша нұсқаулар қалдырып, физикалық қолдауды алып тастау. Бірте-бірте бала нұсқаусыз меңзегіш қимылды қолдана бастайды.



3. *Дағдыны бекіту:* бала меңзеу қимылды меңгерген кезде, оны әртүрлі жағдайларда жаттықтырып бастау керек, басқа бөлмелерде әртүрлі заттарды көрсетуді немесе басқа балалармен топтық жағдайда шеберлікті пайдалану.

Нәтижесінде бірнеше сабақтан кейін бала заттарды көрсету үшін меңзеу қимылды сенімді түрде қолдана бастады және бұл оның басқалармен қарым-қатынас жасау қабілетін айтарлықтай жақсартты. DTT әдісі оқу процесін құрылымдауға мүмкіндік берді және әртүрлі жағдайларда дағдыларды нығайтуға көмектесті. Тәжірибеден алынған бұл мысал DTT әдісі ерекше қажеттіліктері бар балаларда меңзеу қимылды дамытудың тиімді құралы бола алатындығын көрсетеді. Құрылымдық тәсіл және оң күшейтуді қолдану балаға дағдыларды тезірек үйренуге және оны күнделікті өмірде қолдануға мүмкіндік береді.

Екінші тәжірибе: Аутистік спектр бұзылысы бар баламен жануарды игеру. Іс жүзінде аутистік спектр бұзылысы бар баламен практикалық түрде осы екі әдістің қосындысы арқылы жануарларды меңгеру.

Әрекет және процесс: бірінші кезеңде ит жануарымен оны таныстыру. Бірнеше рет меңзеу қимылымен итті көрсетеді, егер бала сұқ саусақпен ештеңе көрсетпесе қатесіз оқыту әдісі көмекке келеді. Балада жаңа тапсырманы орындауға келгенде күйзеліс байқалады, сондықтан баланы күйзеліске түсірместен, бірге жасалынады (физикалық қолдау) қолданылады. Физикалық қолдау арқылы баланы дұрыс жауапқа қолын бұлғап отырамыз. Қашан бала өзі жеке көрсетпейінше бұл жұмыс тоқтатылмайды.

Баланың назарын аударту арқылы тапсырманы дейектеу: бұл жұмыс ең алдымен бір жануарды игеру арқылы жүзеге асады, ит жануарын толықтай меңгерсе, баланың көңілін басқа жаққа аудару арқылы тапсырманы дәйектейміз. Мысалы: Исмаил ит жануарын көрсет деп нұсқау беріледі, бала көрсетеді. Исмаил алақанмен шапалақтау арқылы педагогтың қимылын қайталайды, баланың назарын басқа жаққа аударту мақсатында, қайтадан ит жануарын көрсет деп тапсырманы қалай орындағанын бағалау. Бұл арқылы баланың тапсырманы толықтай игергеніне көз жету және баланы тапсырмаға шоғырландыра алу. Жануарды өз бетінше көрсетсе, баланы мадақтау керек немесе жақсы көретін тамағын, ойыншығын беру. Яғни балада оң қозғалыс қалыптастыру, егер жануарды көрсетсе, өз қалағанына жететіні туралы түсінік пайда болады.

Келесі жануарды игеру: екі жануармен жұмыс жасау, кезекпен кезек орындарын ауыстыру арқылы, дәл жоғарыдай орындалады. Ерекшелігі тек екі жануарды қолданатылығында. Нәтижесінде DTT мен қатесіз оқыту әдістерінің арқасында Исмаилда 10 сағаттың ішінде меңзеу қимылы пайда болды және ит жануарын меңгерді.

Үшінші тәжірибе: DTT әдісі мен қатесіз оқыту әдісін қолдана отырып, меңзеу қимылы арқылы дене мүшелерін меңгеру

Баламен жұмыс жасау аясында баланың өз-өзінің дене мүшелерін тануына үйрету және оның қарым-қатынас дағдыларын жетілдірудегі маңызды қадам болып табылатын дене мүшелерін көрсету дағдыларын дамыту болды. Ол үшін DTT әдісін қолдану (discrete Trial Training) баланы ең алдымен меңзеу қимылмен мұрынға бағыттауды үйрету.

Әдістеме және процесс:

1. Бірінші кезең: тапсырманы құрылымдау

Алдымен баланы "мұрын" ұғымымен таныстыру, оған өз мұрнын көрсетіп, оны дауыстап атау керек. Содан кейін мұрынға қалай көрсету керектігін көрсету үшін сұқ саусақты қолдану. Баланың " мұрын " сөзін белгілі бір әрекетпен, яғни оның дене мүшесін меңзеу қимылмен көрсетумен сипатталды.

2. *DTT және қатесіз оқыту әдісін қолдану*

DTT әдісін қолдандуда балаға қарапайым тапсырманы бірнеше рет орындауды ұсыну: мұрынды көрсет. Бала мұрнын көрсеткен сайын мақтау немесе кішкентай сыйақы сияқты оң күшейтуді қолдану керек. Оқуды жеңілдету және күйзелістен арылту мақсатында баламен қатесіз оқыту әдісін бастау. Тапсырма барысында баланы дұрыс жауапқа қарай қолын бағыттау және қалыптастыру.



3. Кеңестерді азайту және дағдыларды бекіту

Бала нұсқау бойынша мұрнын көрсете бастағанда, бірте-бірте кеңестерді азайтып, тек ауызша нұсқаулар беру керек, мысалы: "мұрның қайда? Көрсет!". Бұл балаға тапсырманы өз бетінше орындауға деген сенімділікті дамытуға мүмкіндік береді.

4. Басқа дене мүшелерімен танысу

Бала «мұрын» мүшесін игергеннен кейін, дәл осы екі әдісті қолдана отырып, дененің басқа бөліктерін, мысалы, көзді, құлақты, иықты және басты көрсетуге үйретуді жалғастыру. Бұл балаға қимыл арқылы көрсете алатын дене бөліктерінің шеңберін кеңейтуге көмектесті. Нәтижесінде 10 сағаттан соң бала меңзеу қимылмен мұрнын сенімді түрде көрсете бастады. Бұл дағды өзін-өзі танудың маңызды элементіне айналып қана қоймай, оның басқалармен қарым-қатынас жасау қабілетін жақсартты, өйткені бала қазір денесінің бір бөлігінде дұрыс көрсете алды. Меңзеу қимылы арқылы дене мүшелерін үйрету үшін DTT әдісі мен қатесіз оқыту әдісін қолдану оның тиімділігін көрсетті. Позитивті күшейтілген құрылымдық сабақтар мен сенімділік балаға осы маңызды дағдыны дамытуға мүмкіндік берді. DTT әдістемесі кеңестерді кезең-кезеңімен азайтып, іс-әрекеттерді күшейте отыруға, ал қатесіз оқыту әдісі баланың дағдыларын сәтті игеруге, күйзелістен арылуға және сенімділікті дамытуға ықпал етті.

Қорытындылай келе, бұл мақалада аутистік спектрі бұзылысы бар балалармен жұмыс істеудің маңызды құралдары болып табылатын DTT (discrete Trial Training) және қатесіз оқыту (errorless learning) әдістері қарастырылған. Бұл әдістер балаларды әлеуметтік, когнитивті және мінез-құлық дағдыларына үйрету үшін белсенді қолданылады, бұл әсіресе аутистік спектр бұзылысы бар балалар үшін өте маңызды, өйткені бұл әдістер оқу процесін құрылымдауға көмектеседі және әлеуметтік ортада сәтті бейімделуді қамтамасыз етеді. DTT әдісі нақты дағдылармен тиімді жұмыс істеуге, оларды кішігірім, кезеңдерге бөлуге және оң көзқарас қалыптастыруға мүмкіндік береді. Бұл аутистік спектр бұзылысы бар балаларға жаңа ақпаратты оңай игеруге көмектеседі, сонымен қатар бүкіл оқу процесінде мотивацияны қолдайды. Қатесіз оқыту өз кезегінде қателіктерді азайтуға және балалардағы стрессті азайтуға бағытталған, бұл сенімділікті қалыптастыруда және өзін жеңінпаз ретінде сезінуге мүмкіндік береді.

DTT (discrete Trial Training) және қатесіз оқыту (errorless learning) әдістерді біріктіру дағдыларды меңгеру процесін жеделдетіп қана қоймай, аутистік спектр бұзылысы бар балалардың өмір сүру сапасын айтарлықтай жақсартуға мүмкіндік береді. DTT құрылым мен дәйектілік береді, ал қатесіз оқыту сәтсіздік пен стресстік сезімін болдырмауға көмектеседі, бұл оқуда тұрақты жетістіктерге ықпал етеді. Осылайша, аутистік спектр бұзылысы бар балалармен жұмыс істеу тәжірибесінде DTT (discrete Trial Training) және қатесіз оқытуды (errorless learning) пайдалану оқытудың тиімді әдісі ғана емес, сонымен қатар бұл балалардың әлеуметтенуіне және өмір сүру сапасын жақсартуға бағытталған маңызды қадам болып табылады. Бұл әдістер әр баланың қажеттіліктері мен мүмкіндіктерін ескеретін жеке оқу жоспарларын құруға негіз болады.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Мелешкевич О., Эрц.Ю., Особые дети. Введение в прикладной анализ поведения (АВА). Издательский дом «Бахрах-М», 2014.
2. Автономдық коммерциялық емес ұйымның “Аутистикалық спектр бұзылыстары бар балалар мен олардың отбасыларына көмек көрсету федералды ресурстық орталығы” (Autism FRC). Аутистік спектр бұзылысы бар балалармен жұмыс істеу әдістері. Қолжетімді: <https://autism-frc.ru/education/interventions/workingmethods/3>
3. Carbone, V. J., & O'Brien, L. (2016). “Errorless teaching in discrete trial instruction.” Focus on Autism and Other Developmental Disabilities.
4. Green, G. (2001). “Behavior analytic instruction for learners with autism: Advances in stimulus control technology.



УДК. 801.7:003

**КӨНЕ ТҮРКІ ЖӘНЕ ЕЖЕЛГІ МЫСЫР ЖАЗБА ЕСКЕРТКІШТЕРІНДЕГІ
ҰҚСАСТЫҚТАР МЕН АЙЫРМАШЫЛЫҚТАР**

Юлдашбекова Турсуной Шухратовна

Шымкент университеті, 3 курс студенті,

Ғылыми жетекші: филология ғылымдарының кандидаты

Мамаева Айгуль Еркеновна

Шымкент, Қазақстан

Аннотация: Бұл мақалада Ежелгі Мысыр мен Көне түркі жазба ескерткіштеріндегі ұқсастықтар мен айырмашылықтар туралы айтылады. Сонымен қатар, біздің мәдениетіміздің де сол заманның өзінде жоғары болғанын және әлемдік өркениетке өз үлестерін қосқан көне мәдениет жауһарларымен қатар тұра алатынын нақты дәлелдеп, тұжырымдама жасайды.

Кілт сөздер: Мысыр, ежелгі Шығыс, Ніл, көне түркі, руналық жазулар, жебе таңбалар, қабырға жазбалары.

Адамзат тарихында соқыр сенім мен табынудың нысанына айналған таңбалар аса көп емес екен. Ең көне деген таңбаларда бейнеленетіндер — жарық пен жылу көзі болып табылатын Ай мен Күн, адамға қажет жан жануар әлемінің өкілдері. Ежелгі суреттердің (пиктографиялардың) магиялық қызмет атқаруы, олардың абстрактылық мәніне байланысты деп білеміз.

Болмыстың нақты заттары туралы (дене мүшесі, аспан, тау, су, ағаш, Күн, Ай, жер, құс т.б.) нақты немесе ауыспалы ұғымдар таңбаның семантикалық негізіне алынған. Сондай-ақ, абстрактылық мәнге ие болған таңба адамға қатысты белгілі бір іс-әрекетті не процесті де белгілеген. Мысалы, жүру, бару, келу, туу, өлу, аң аулау, үй салу т.б. Ежелгі Мысыр мен Көне түркі жазба ескерткіштеріндегі осындай ұқсастықтар баршылық. Осыны негізге алғанда, көне түркілер мен ежелгі мысырлықтардың діни наным-сенімдерінің ұқсас тұстары бар деп айта аламыз.

«Мысыр – әлемдегі ең көне мемлекет, ал оның өнері – Ежелгі Шығыс мәдениеті тарихына ең алғашқы болып үлес қосқан. Жерін басып жатқан құм, оларды қарсылас жауларынан сақтап қалып отырды. Ніл өзенінің бойында IV-ші ғасырдың соңында біріккен, алғашқы құл иеленушілік деспотты мемлекет құрылды. Қазіргі кезге дейін адамды таң талдыратын, керемет ежелгі мысырлық бейнелеу өнері, алып сәулеттік құрылыстары осы кезеңнен басталады. Осы кезге дейін еш жерде осындай таңқалдырарлық және керемет жетілген мүсіндік портреттер, монументальды сәулеттік құрылыс формалары бұрын соңды болған емес»[1].

Ежелгі Мысырда перғауындар мен атақты адамдарды құдайға айналдыру мен жоғары дәріптеу басым болғанымен және адам образы діни рәсімдермен тығыз байланысты болғанымен, суретшілер өздерінің шығармаларында адамның ішкі сезімі мен күшін, мінезін керемет шеберлікпен бере білді.



Мысырлық пирамидалар, мен ғибадатхана қабырғаларын толтырған рельефті қабырға жазбалары тек жер мен аспандағы қасиеттілерді дәріптеп қойған жоқ, онда сондайақ ең ежелгі адамдардың шеберлігінің үлкен куәсі болып, адам табиғатының әсемдігі мен өмірі жайында өнер арқылы қызықты да, әсерлі жеткізіп, оны мәңгілікке айналдырды[1].

Осының бәрін айта келе, ежелгі заманнан бері қарай өркениетті елдердің қатарына саналатын Мысыр жазба ескерткіштеріндегі елеулі ұқсастықтар көне түркі ескерткіштерінде де кездесті. Атап айтсақ, аң-құстар мен адамдардың іс әрекеттері бейнеленген тастағы суреттер, астрологиялық ұғымдар т.б. Осы мәселеге ой жүгіртсек, ежелгі таңбалардың абстрактылық мәнін арқау ете отырып, адамзат дамуында болған екі елдің де тамырластық пен сабақтастықты көруге болады. Көне Түркі жазуларының сыртқы түрі бізге тасқа қашалған түрде, «баспа әріптері» түрінде жетті. Оның жазбаша түрі қандай болғаны туралы мәлімет жоқ. Себебі маталарға, өңделген терілерге жазылуы мүмкін жазба әріптер бұл материалдардың төзімсіздігіне байланысты бізге жетпеді. Алғаш көрген адам бұл жазуларды бір қарағанда қазақ руларының таңбаларына ұқсатады. Яғни, жазулар «жебе таңбалар», «ай таңбалар» және «тұмар таңбалар» мен «көз таңбалар», «аша таңбалар», «балық таңбалар» сосын «тарақ таңбалар» мен «сырға таңбалардан» құралады[2].

Мұндай таңбалар ежелгі Мысыр жазуларында да кездеседі. Оны екі жақты салыстырмалы зерттеулерімізде білдік. Осы зерттеуімізді айта келе, біздің мәдениетімізде сол заманның өзінде жоғары тұрған және әлемдік өркениетке өз үлестерін қосқан көне мәдениет жауһарларымен қатар тұра алады деп есептейміз.

Ежелгі көне руналық жазулар көптеген беймәлім дүниелерден сыр шертеді. Қазіргі уақытқа дейін қаншама өркениеттер мен әр түрлі мәдениеттер арқасында иероглифтер пайда болды. Сол тасқа қашалып жазылған, папирус іспетті жазбалар арқылы ежелгі заманның тарихы мен мәдениетімен танысып, білдік. Сол ғасырлардағы болып өткен тарихи оқиғалар мен әрбір тайпа немесе адамдар тобырының даму кезеңдерін талдап, ұғындық.

Сайып келгенде, әр өркениеттің дамуы мен өзіндік жазу таңбалары ерекше және қайталанбас. Дегенмен, өзара ұқсас өркениеттердің бірі Ежелгі Мысыр мен Көне түркілердің жазбаларындағы таңбалар ұқсастығы баршылық.

Мысалға айтар болсақ, көне түркі жазбаларында кездесетін отқа табыну, итбасты адамдар, күн құдайы, құстар бейнеленген мүсіндер және сол секілді басқа да ұқсас таңбаларды Мысыр жазба ескерткіштерінде көре аламыз. «Шу-Іле тауларының оңтүстігінен күн күркіретуші құдай бейнесі табылды.

Біздің заманымыздан бұрынғы 2 мыңжылдықтың жартысы. Бұл суретте күн күркіретуші құдай бейнеленген. Біздің заманымыздан бұрынғы 2-мыңжылдықтың жартысы деп тарихшылар болжаған. Қазақ халқының ұғымында жанбыр шақыру үшін «тасаттық» беретін салт-дәстүр бар. Соның бастауы көне дәуірден екенін осы сурет танытады»[3].

Осыған ұқсас күн құдайы Ежелгі Мысыр жазба ескерткіштерінде де кездеседі. Мысыр жазбаларында от бейнесі басқаша, көне түркі жазбаларында өзгеше болғанмен де, олардың мағыналары бірдей болып келеді. Мағыналары бірдей бірақ, бейнеленуі әртүрлі басқада таңбалар өте көптеп кездеседі. Осы ұқсастықтарға қарап, қаншама сан мыңдаған қашықтықта болса да, Ежелгі Мысыр мен көне түркі халықтарының арасында болған мәдени танымдық байланысты нақты тұжырымдаймыз. Қазақстан жерінде де осындай жазба ескерткіштер көптеп табылды.



Талас бойынан (Жамбыл обл.) төртбұрышты тас мөр мен дөңгелек тастын жарты сынығына бедерленген руникалық ойма жазулар, Іле бойынан (Алматы обл.) жартастарға қашалған Руникалық жазу үш жерден табылды. Осы өңірден жүзіктегі руникалық жазу да анықталды Сыр бойында ескі кенттердің орнынан табылған саз балшықтан күйдірілген дөңгелек алқа, құмыра сияқты ойылған руникалық жазулар белгілі болды [4]. Осы ескерткіштердегі таяқшалар Мысыр таңбаларына ұқсас келеді. Тамғалы шимайтастары-Шу Іле тауларының оңтүстік батыс бөлігіндегі Тамғалы шатқалындағы жартасқа қашалып салынған суреттер.

Бұл шатқалдан 1000-нан аса суреттер зерттелді. Олар қола дәуіріндегі түріктер дәуіріне дейінгі екі мың жылдан аса уақыт бойы жасалып отырған. Аңдар мен үй жануарлары аңшылық көріністер мен қатар мұнда адамдардың діни түсінігін көрсететін топ айқын ажыратылады. Онда билеп жүрген адамдар қасиетті ағаш түбіндегі күнбасты адамдардың кескіндері және аң терісін жамылған абыздардың ғұрыптарды орындау көріністері бейнеленген [5].

Біздің анықтағанымыздай бұл көрініс көне Мысыр сурет жазба ескерткіштерінде де кездеседі. Біздің ойымызша, территориялық жағынан өте алыста жатқандықтан көне түркі жазба ескерткіштері мен Мысыр жазба ескерткіштеріндегі айырмашылықтар көп деп есептейміз. Көне түркі халықтарындай емес, ежелгі мысырлықтар әрдайым тылсым дүниенің ішінде өмір сүрді және өздері тұрған жердегі табиғат апаттарына жиі ұшырады. Осыған байланысты көп құдайларға сенді. Біздің пайымдауымызда жазу ескерткіштеріндегі алшақтық осыдан болуы ықтимал.

Қорыта келгенде, көне түркі және Мысыр жазба ескерткіштеріндегі айырмашылықтар мен ұқсастықтарды жан-жақты зерттеу болашақтың ісі деп есептейміз.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Пунин А.Л. Искусство Древнего Египта. Раннее царство. Древнее царство.. — СПб., 2008. — 464 с.
2. Айдаров Г. Көне түркі жазуларынан материалдар. Алматы, 1966ж.
3. Байпақов К. Алматы 2005 жыл, "Аруна Ltd" баспасы, Қазақстанның ежелгі қалалары, Қазақстан балалар энциклопедиясы
4. Аманжолов А. К интерпретации Чуйских рунических надписей // Байыркы кыргыз тарихының актуалдуу проблемалары: Эл аралық илимий конгресстин билдирлеринин тезистері. 27-29 август. Бишкек, 2001.
5. С.Есенов, Б.Хасенова, Р.Дәрменов. Астана 2018 ж, Қазақстан Республикасы Ұлттық музейінің Ғылыми кеңесі ұсынған, Ұлы дала мұрасы, зергерлік өнер жауһарлары кітабы



УДК 37.031

РАЗВИТИЕ ПРОСТРАНСТВЕННОГО МЫШЛЕНИЯ У ДЕТЕЙ ДОШКОЛЬНОГО ВОЗРАСТА

Иванова Екатерина Анатольевна,

студент группы ДОиВ – 23 – 2р

Карагандинского университета им. Е.А. Букетова,

Караганда, Казахстан

Аннотация: В статье рассматриваются вопросы развития способностей и пространственного мышления в младшем, среднем и старшем дошкольном возрастах. Благодаря пространственному мышлению дети учатся самостоятельно решать проблемы, применять знания, решать ситуации в практической жизни. Дошкольник, опираясь на образы, постепенно осуществляет переход от ориентировочных действий внешнего характера к внутренним мыслительным действиям. То есть становление наглядно-образного мышления происходит на наглядно-действенной основе.

Ключевые слова: пространственное мышление, развитие, навыки, личность.

Дошкольное детство рассматривается в современной педагогике как самоценный и особо значимый период в становлении психики ребенка. В этот период происходит овладение ребенком культурными формами сознания и деятельности, специфически человеческими способами познания окружающего мира; интенсивно развивается его речь и мышление.

Не менее благоприятен период дошкольного детства и для развития способности к ориентировке в пространстве.

Проблема пространственной ориентировки и формирования пространственных представлений – одна из наиболее сложных и актуальных научных проблем, поскольку ориентировка в пространстве как психологический феномен в его разнообразных формах играет важнейшую роль в процессах биологического и социального взаимодействия человека с окружающей средой.

Психолого-педагогические исследования (В.В. Данилова, О.М. Дьяченко, Т.И. Ерофеева, А.М. Леушина, В. Новикова, Е.В. Сербина, А.А. Столяр, М. Фидлер и др.) показывают, что пространственные различия возникают очень рано, однако являются более сложным процессом, чем различия качеств предмета. В формировании пространственных представлений и способов ориентации в пространстве участвуют различные анализаторы (кинестетический, осязательный, зрительный, слуховой, обонятельный). [1]

Изучавшие пространственные представления и ориентировку в пространстве исследователи (Б.Г. Ананьев М.В. Вовчик-Блакитная, А.А. Люблинская, Т.А. Мусейибова, Ф.Н. Шемякин и др.) установили, что их несформированность к концу дошкольного возраста является одной из причин, вызывающих затруднения при овладении детьми школьными навыками.



В свете этих данных актуальным представляется развитие у дошкольников адекватных способов восприятия пространства, полноценных пространственных представлений и прочных навыков ориентировки в пространстве, что выступает необходимым компонентом формирования предпосылок учебной деятельности и одной из важных задач дошкольного образования. Это определяет актуальность исследования на социально-педагогическом уровне.

Пространственное мышление является локальным образованием. Его формирование осуществляется в системе общего психологического развития по мере овладения человеком предметным миром, в процессе общения, в ходе специального обучения, в котором наиболее полно познаются пространственные свойства и отношения в их всеобщих и закономерных связях. В ходе онтогенеза пространственное мышление проходит ряд закономерных этапов своего становления. Первоначально оно вплетено в другие виды мышления, а в своих наиболее развитых и самостоятельных формах оно выступает в виде пространственных образов. [2]

Поскольку пространственное мышление формируется главным образом на наглядном материале, то многие исследователи относят его к разновидности «визуального» (образного) мышления (Р. Арнхейм, А. Родван, Д. Хебб и др.).

Основной оперативной единицей пространственного мышления является образ, в котором представлены по преимуществу пространственные характеристики объекта: форма, величина, взаимоотношение составляющих его элементов, расположение их на плоскости, в пространстве относительно любой заданной точки отсчёта. Этим пространственное мышление отличается от других форм образного мышления, где выделение пространственной характеристики не является центральным моментом.

Пространственное мышление – вид мышления, обеспечивающий создание пространственных образов и оперирование ими в процессе решения практических и теоретических задач. Это сложный процесс, куда включаются не только логические (словесно-понятные) операции, но и множество перспективных действий, без которых мышление протекать не может, а именно опознание объектов, представленных реально или изображённых различными графическими средствами, создание на этой основе адекватных образов и оперирование ими по представлению. [3]

Пространственное мышление в своих наиболее развитых формах формируется на графической основе, поэтому ведущими для него являются зрительные образы. Пространственные представления способствуют установлению более чёткой и точной взаимосвязи между реальным предметом и понятием, символом и образом.

Старший дошкольный возраст является наиболее благоприятным для развития пространственного мышления (О.М. Дьяченко, А.М. Леушиной, Д.Б. Эльконина и др.).

А.В. Запорожец отмечает важную особенность развития детского логического мышления в дошкольном возрасте: «В процессе развития детского мышления происходит не только изменение отдельных интеллектуальных операций анализа, синтеза, абстрагирования и т.д., но и направленности детского мышления, отношения ребенка к стоящим перед ним интеллектуальным задачам». [1, 69]

Этому способствует формирование особой познавательной мотивации и формирования особых интеллектуальных действий, направленных на решение познавательных задач. С развитием таких форм познавательной активности, как «любопытность, познавательный интерес, мышление начинает включаться в познание детьми окружающей действительности, что обеспечивает выход за пределы задач, выдвигаемых только непосредственной практической деятельностью ребенка. Он начинает выдвигать познавательные задачи и искать объяснение заинтересовавшим его процессам, явлениям.



Таким образом, от осознания более простых, очевидных внешних связей и взаимоотношений объектов дети постепенно переходят к осмыслению более сложных и скрытых взаимозависимостей. Так, отношения причины и следствия являются одной из важных разновидностей подобных зависимостей.

К старшему дошкольному возрасту, дети начинают выделять как причину явлений не только сразу узнаваемые внешние признаки объектов, но и их константные свойства. К завершению дошкольного возраста у детей формируется умение решать достаточно трудные задачи, которые требуют освоения некоторых физических и других отношений и связей, а также умения руководствоваться этими представлениями в измененных условиях. [4]

Дошкольник, опираясь на образы, постепенно осуществляет переход от ориентировочных действий внешнего характера к внутренним мыслительным действиям. То есть становление наглядно-образного мышления происходит на наглядно-действенной основе. Детям становятся доступны элементарные обобщения, построенные на опыте их предметной деятельности и получающие закрепление в слове. В дошкольном возрасте ребенок начинает сталкиваться с более сложными и разнообразными задачами, которые требуют выделения и установление связей и отношений между объектами, действиями, явлениями». [1,78]

Таким образом, необходимое условие развития мышления детей – приобретение знаний, представлений об окружающем мире. Развитие и усложнение мыслительных действий составляет базу развития. Совершая действия с образами во внутреннем плане, ребенок представляет себе реальное действие с предметом и его результат и таким образом справляется со стоящей перед ним задачей. Так совершается «наглядно-образное мышление. Выполнение же действий со знаками требует отвлечения от реальных предметов. Слова и числа (знаковые системы) используются при этом как заместители реальных объектов.

Мышление, которое совершается с помощью действий со знаками, – отвлеченное мышление. Оно называется логическим, так как подчинено законам логики. При этом именно образное мышление является основным в дошкольном возрасте. В игре, изобразительной деятельности, конструировании и других видах детской деятельности осуществляется формирование знаковой функции сознания ребенка. Он начинает овладевать построением наглядных пространственных моделей – особого вида знаков, в которых отражаются связи и отношения объектов, существующие независимо от намерений, желаний и даже действий самого ребенка, т.е. объективно. [5]

При определенных условиях организации познавательной деятельности образное мышление становится предпосылкой для овладения в старшем дошкольном возрасте обобщенными знаниями. Примером таких знаний являются знания о соотношении части и целого, о взаимосвязи основных частей конструкции, о зависимости от среды обитания строения тела животного и т.п.

Т.е., образные формы познания достигают достаточно высокого уровня обобщенности и могут обеспечить понимание детьми сущностных связей объектов окружающей действительности. Вместе с тем, когда перед ребенком встают задачи, которые нельзя решить наглядно, которые требуют вычленения существенных свойств, связей и отношений, эти формы остаются образными и обладают определенной ограниченностью.

В старшем дошкольном возрасте ребенку все-таки доступно логическое построение рассуждения, но в том случае, когда речь идет о знакомой ему ситуации. Однако, основной формой мышления в дошкольном возрасте является наглядно-образное, поэтому познание действительности, ее существенных связей и зависимостей происходит в



основном на его основе. Предпосылки для овладения логическим мышлением, усвоения действий со знаковыми системами, которые замещают реальные объекты и ситуации, закладываются на рубеже раннего и дошкольного возраста, когда начинает развиваться знаковая функция сознания.

Чтобы слово стало самостоятельным средством мышления, позволяющим решать умственные задачи без опоры на образы, ребенок должен освоить знания об общих и существенных признаках предметов и явлений действительности, закрепленные в словах, т.е. освоить выработанные обществом понятия. Представления, которыми владеет ребенок, не могут стихийно превратиться в понятия. На них можно опираться при формулировании понятий.

Непосредственно сами понятия и логические формы мышления, основанные на их применении, дети усваивают в процессе приобретения основ научных знаний. При формировании понятий об отношениях вещей и количественных характеристиках у детей формируют умение пользоваться таким средством, как мерка. Меры позволяют выделять, отделять друг от друга слитые в восприятии и представлении параметры величины.

Так, длина измеряется одним видом мер, площадь – другим, объем – третьим, вес – четвертым и т.д. Последующий процесс формирования понятий состоит в организации перехода ребенка от ориентировочных действий внешнего характера к действиям во внутреннем плане (уме). При этом внешние средства заменяются словесными образами. Поэтому при «развитии у детей логического мышления педагог должен вопросами, указаниями и пояснениями вести детей к выделению существенных частей и элементов целого в соответствии с той задачей, которую поставил перед собой. Если показывать детям сразу все взаимосвязи, существующие между частями, то педагог должен завершить свою работу обобщением, т.е. вернуться к целому, но уже освоенному детьми более глубоко и полно. Этот процесс от целого к частям и их связям, а от них опять к целому – основная типичная черта высших форм человеческого мышления». [4, 32]

«Уметь выделить существенное, главное и видеть это основное как целую «фигуру» на фоне деталей и несущественных признаков – значит обладать развитым логическим мышлением». [4, 32] Дети, которые привыкли анализировать при встрече с новым явлением, пытаются его объяснить, строят догадки, сопоставляют факты.

«Откуда трава на дорожках?» Одни говорят, что из семян, другие думают, что у травы есть корни, третьи, что ее занесли с поля. Дети спорят: корней у травки нет, значит, не может сама вырасти, и ног нет, значит, не пришла сама с поля. Кто-то вспоминает, что видел, как сеяли траву в городском сквере. Выделяя существенные признаки и устанавливая существенные связи, анализируя уже известное, дети приходят к правильным выводам. Они овладевают новыми представлениями путем рассуждения, используя догадку, сопоставление, умозаключение и др.

Действия с числами и математическими знаками – это еще один вид действий отвлеченного логического мышления, которым начинают овладевать дети в дошкольном возрасте.

Овладение дошкольниками отвлеченным числом как характеристикой количественных отношений объектов, а также действиями с числами и математическими знаками без опоры на образы – важная сторона развития мышления детей. Образное мышление наиболее соответствует особенностям жизнедеятельности дошкольника, тем задачам, которые возникают перед ним в разных видах деятельности: игре, рисовании, общении и др. Поэтому дошкольный возраст сензитивен (чувствителен) к обучению на наглядно-образной основе.



Предпосылки развития логического мышления следует использовать лишь тогда, когда это необходимо для формирования у детей лишь некоторых основ начальных научных знаний (например, для овладения числом). При этом не следует стремиться сделать весь строй мышления ребенка дошкольного возраста логическим. [4, 41]

Таким образом, образное мышление старшего дошкольника дает достаточные возможности для освоения обобщенных знаний и при организованном образовательном процессе дети могут овладеть представлениями, отражающими существенные закономерности явлений из разных областей действительности. Эти представления являются наиболее значимым приобретением, необходимым ребенку для усвоения научных знаний в школе. «Пространственное мышление является локальным образованием. Его формирование осуществляется в системе общего психологического развития по мере овладения человеком предметным миром, в процессе общения, в ходе специального обучения, в котором наиболее полно познаются пространственные свойства и отношения в их всеобщих и закономерных связях. В ходе онтогенеза пространственное мышление проходит ряд закономерных этапов своего становления.» [5, 26]

С рождения до 2-3 лет ребенок учится обрабатывать сигналы, поступающие в головной мозг из органов чувств – зрения, слуха, обоняния, осязания. И объемное восприятие основано на взаимодействии зрительных, слуховых и двигательных анализаторов.

К 3 годам у ребенка формируется понимание своего положения в пространстве и сознательный навык оценивать и определять взаимоположение объектов. Малыш уже способен решать простые задачи, изменяя местоположение предметов, но, не затрагивая их структуры (задачи на перемещения).

Ребенок к 3 годам уже может:

- различать кривые и прямые линии;
- находить точки пересечения линий;
- отличать горизонтальные, вертикальные, наклонные линии;
- различать основные геометрические фигуры.

В возрасте от 3 до 5 лет ребенок способен решать пространственные задачи путем различных трансформаций: наложения, совмещения, перегруппировки составных частей, добавления или удаления элементов. У ребенка формируется интуитивное понимание отношений между предметами: «одинаковые», «различные», «большой», «меньший», «справа», «слева», «между». Осознанное оперирование этими терминами приходит позже – в старшем дошкольном и младшем школьном возрасте.

В младшем и среднем дошкольном возрасте ребенку доступно:

- повторять простые узоры и орнаменты, состоящие из линий;
- сравнивать длину отрезков, размеры фигур;
- соединять точки по цифрам, чтобы получился рисунок (если дошкольник знает порядковый счет);

– различать прямой, тупой, острый углы.

В старшем дошкольном возрасте ребенок уже может решать довольно сложные пространственные задачи, например такие, в которых исходное положение, внешний вид, структура объекта неоднократно меняется. Выполняя подобные задания, ребенок способен не только рассматривать и передвигать трехмерные объекты, но и перестраивать, преобразовывать и «улучшать».

К 7 годам дошкольникам доступно:

- различать понятия размера и формы;



- свободно оперировать пространственными отношениями между предметами (большой – маленький, ближе – дальше, вверх – вниз, над – под, за – перед и т.д.);
- различать левую и правую руку, сторону;
- понимать заданное направление, чтобы перемещаться в соответствии с ним;
- мысленно соотносить между собой объекты, находящиеся в поле зрения;
- ориентироваться в двухмерном пространстве (плоскость с длиной и шириной). [5, 41]

Т.е., дошкольник, опираясь на образы, постепенно осуществляет переход от ориентировочных действий внешнего характера к внутренним мыслительным действиям. То есть становление наглядно-образного мышления происходит на наглядно-действенной основе. Детям становятся доступны элементарные обобщения, построенные на опыте их предметной деятельности и получающие закрепление в слове. Они сталкиваются с более сложными и разнообразными задачами, требующими определения и установки взаимосвязей между объектами, действиями, явлениями. Старший дошкольный возраст является наиболее благоприятным для развития пространственного мышления (О.М. Дьяченко, А.М. Леушиной, Д.Б. Эльконина и др.) . [2, 137]

Многочисленные исследования показывают, что развитие психических процессов детей во многом зависит от условий, в частности от содержания, методов и средств, используемых педагогами в образовательном процессе. Современный этап развития общества всемирной коммуникации «характеризуется функциональным использованием средств информационно-коммуникационных технологий в многочисленных сферах деятельности человека, в том числе и дошкольной педагогике» . [5, 63]

В связи с этим в качестве ведущих в развитии пространственного мышления у детей старшего дошкольного возраста мы предлагаем применять средства информационно-коммуникационных технологий.

СПИСОК ИСПОЛЬЗОВАННОЙ ЛИТЕРАТУРЫ:

1. Симановский, А.Э. Развитие пространственного мышления ребенка / А.Э.Симановский. – М.: Айрис-пресс, 1999. – 160 с.
2. Абраменкова, В.В. Социальная психология детства [Электронный ресурс] : учебник / В.В. Абраменкова. – 2-е изд., перераб. и доп. – М. : ИНФРА-М, 2017. – 511 с.
3. Ананьев, Б.Г. Особенности восприятия пространства у детей / Б.Г. Ананьев, Е.Ф.Рыбалко. – М. : Просвещение, 1964.
4. Белкина, В.Н. Психология раннего и дошкольного детства: учеб. Пособие / В.Н.Белкина. – Гриф УМО. – Ростов-на-Дону : Феникс, 2015. – 270 с.
5. Вахрушева, Л.Н. Развитие мыслительной деятельности детей дошкольного возраста [Текст] / Л.Н. Вахрушева. – М. : Форум, 2011. – 192 с.



КҮШ ҚҰРЫЛЫМДАРЫНДАҒЫ БАЙЛАНЫС ҚҰРАЛДАРЫ МЕН АВТОМАТТАНДЫРЫЛҒАН ЖҮЙЕЛЕРДІ ДАМУ ТУ САЛАСЫНДАҒЫ ЗАМАНАУИ БАҒЫТТАР

Асқар Диана

Аңдатпа: Күш құрылымдарындағы байланыс құралдары мен автоматтандырылған жүйелерді дамыту қазіргі заманғы қауіпсіздік стратегиясының маңызды бөлігі болып табылады.

Бұл мақалада қазіргі заманғы технологиялардың дамуы мен оларды күш құрылымдарына енгізу үрдістері талқыланады. Байланыс жүйелерінің тиімділігін арттыру және автоматтандырылған басқару жүйелерін интеграциялау қауіпсіздік пен әрекет ету жылдамдығын арттырады. Мақалада қосымша шындық (AR), виртуалды шындық (VR), және жасанды интеллект (AI) технологияларының қолданылуы талданып, олардың болашақтағы ықтимал даму бағыттары ұсынылады. Зерттеулер көрсеткендей, осындай технологияларды енгізу тиімді басқару мен сенімді байланысты қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Түйін сөздер: байланыс құралдары, автоматтандыру, күш құрылымдары, қауіпсіздік, жасанды интеллект, қосымша шындық.

Күш құрылымдарындағы байланыс құралдары мен автоматтандырылған жүйелерді дамыту – қауіпсіздік саласының заманауи технологиялармен жабдықталуының басты элементтерінің бірі.

Қазіргі уақытта әлемдік қауіпсіздік жағдайы күрделеніп бара жатқан кезде, мемлекеттің қорғаныс жүйелерін жаңа технологиялық шешімдермен жабдықтау аса маңызды болып отыр. Бұл мақалада күш құрылымдарында қолданылатын байланыс құралдары мен автоматтандырылған жүйелердің заманауи бағыттары жан-жақты талданады, олардың артықшылықтары, тиімділігі және болашақтағы даму мүмкіндіктері қарастырылады.

Күш құрылымдарының тиімділігі көбіне байланыс құралдарының сапасына байланысты. Жаңа заманғы технологиялар ақпаратты жедел әрі сенімді түрде жеткізуге мүмкіндік беріп отыр. Бұрын тек дәстүрлі радиобайланыс құралдары қолданылса, қазіргі кезде мобильді және спутниктік байланыс жүйелері кеңінен қолданылады. Олардың ерекшелігі – әртүрлі климаттық жағдайларда жұмыс істей алуы және кедергілерден қорғалуы.

Байланыс құралдары шифрлау технологияларымен жабдықталған, бұл олардың қауіпсіздігін айтарлықтай арттырады. Мысалы, AES шифрлау жүйесі деректерді қорғаудың жоғары деңгейін қамтамасыз етеді, және ол қазіргі таңда халықаралық деңгейде мойындалған.

Байланыс құралдарына қойылатын басты талаптардың бірі – олардың шапшаң әрі сенімді жұмыс істеуі. Бұл әсіресе төтенше жағдайларда, күрделі операцияларды жүргізу кезінде өте маңызды. [1,53]



Автоматтандырылған басқару жүйелері де қауіпсіздік саласында маңызды рөл атқарады. Бұл жүйелер деректерді өңдеу мен талдау процесін автоматтандырады, осылайша шешім қабылдауды жеңілдетеді және уақытты үнемдейді. Жасанды интеллект (AI) технологиясының дамуы бұл жүйелерді одан әрі жетілдірді. AI алгоритмдері үлкен көлемдегі деректерді тез әрі тиімді өңдеп, нақты ақпарат береді.

Мысалы, жаудың әрекеттерін алдын ала болжау және дер кезінде жауап қайтару үшін AI жүйелері қолданылады. Олар деректерді талдай отырып, қолайлы шешімдер ұсынады, бұл әсіресе тактикалық операцияларды жүргізу кезінде үлкен көмек көрсетеді. Автоматтандырылған басқару жүйелері адамның қателік жіберу ықтималдығын азайтады, себебі бұл жүйелер математикалық модельдерге және үлкен көлемдегі деректерді өңдеуге сүйенеді. Дегенмен, мұндай жүйелерді әзірлеу кезінде олардың қорғалуы және сыртқы кибершабуылдардан қорғау деңгейі де басты назарға алынады.

Қосымша шындық (AR) және виртуалды шындық (VR) технологиялары күш құрылымдарының жаттығу және дайындық процесінде кеңінен қолданыла бастады. AR технологиясы сарбаздарға тактикалық жағдайды нақты уақыт режимінде көрнекі түрде көрсетуге мүмкіндік береді. Мысалы, арнайы AR көзілдіріктері арқылы олар өздерінің айналасындағы қауіпті аймақтарды, жау позицияларын немесе қашықтықты дәл анықтай алады. Бұл технология жауынгерлердің тактикалық мүмкіндіктерін жақсартып, шынайы жағдайларда тиімді әрекет етуге дайындайды.

VR технологиясы жаттығу кешендерінде жауынгерлердің күрделі операцияларды қауіпсіз ортада модельдеуі үшін пайдаланылады. Бұл жауынгерлерге физикалық және психологиялық дайындықтарын жетілдіруге көмектеседі. Виртуалды жаттығулар шынайы операциялармен салыстырғанда қауіпсіз, бірақ олар нақты әрекеттерге барынша жақындатылған. Осылайша, әскери қызметкерлер өз дағдыларын қауіп-қатерсіз ортада дамыта алады. [2,98]

Жасанды интеллекттің рөлі соңғы жылдары қауіпсіздік саласында айтарлықтай өсті. AI технологиясы күшейтілген бақылау және талдау жүйелерін дамытуға мүмкіндік береді. AI негізінде жұмыс істейтін жүйелер деректерді өңдеуде және оларды талдауда адамның мүмкіндіктерінен әлдеқайда озық. Бұл әсіресе барлау және қадағалау операциялары үшін тиімді.

Жасанды интеллект жүйелері қоршаған ортаның жағдайларын, жаудың әрекеттерін және ықтимал қауіп-қатерлерді болжап, алдын ала шаралар қолдануға мүмкіндік береді. Мұндай технологиялар шығындарды үнемдеуге және уақытты тиімді пайдалануға да көмектеседі.

Сонымен қатар, AI алгоритмдері кибершабуылдарды анықтау және олардан қорғану шараларын жүзеге асыру үшін де кеңінен қолданылады. Бұл технологиялар ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз етуде маңызды рөл атқарады.

Киберқорғаныс жүйелерін дамыту қазіргі уақытта қауіпсіздік құрылымдарының басты бағыттарының бірі болып отыр. Қазіргі заманғы кибершабуылдар барған сайын күрделі және қауіпті бола бастағандықтан, деректерді қорғау және ақпараттық жүйелердің тұрақтылығын қамтамасыз ету аса маңызды. Киберқорғаныс жүйелері деректерді шифрлау, желілерді бақылау және кибершабуылдарға қарсы әрекет ету технологияларын қолданады.

AI технологиясы бұл жүйелерде де үлкен рөл атқарады, себебі ол қауіп-қатерлерді алдын ала анықтап, тиімді қорғаныс шараларын ұсынады. Жаңа технологиялар арқылы киберқорғаныс жүйелерінің сенімділігі артып, олар әртүрлі шабуылдардан қорғауға қабілетті болады. [3,235]



Заманауи технологияларды енгізу барысында, күш құрылымдарының алдында тұрған негізгі мәселелердің бірі — деректер қауіпсіздігі мен сенімділігін қамтамасыз ету. Мұнда киберқорғаныс жүйелерінің маңыздылығы артып келеді.

Әлемде жиі орын алып жатқан кибершабуылдар мемлекеттік құрылымдардың жұмысын бұзуға, құпия ақпаратты ұрлауға немесе ақпараттық жүйелерді толығымен істен шығаруға бағытталған. Мұндай жағдайларда, қорғаныс құрылымдарының деректерді шифрлау, желіні бақылау және шабуылдарды болдырмау үшін қолданатын озық шешімдері аса маңызды.

Киберқорғаныс саласында Big Data технологияларының қолданылуы тиімді нәтижелер көрсетуде. Үлкен деректер жиынтықтарын талдау арқылы қауіп-қатерлерді алдын ала анықтап, шабуылдарды болжауға болады. Мысал ретінде, АҚШ Қорғаныс министрлігі мен НАТО деректердің қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін озық технологияларды қолданады. Олар Big Data негізінде қауіпсіздік сценарийлерін жасап, шабуылдарды талдап, алдын ала қорғаныс шараларын әзірлейді. Мұндай әдістер жүйелердің қауіпсіздігін сақтауға және шабуылдарға қарсы тұруға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, блокчейн технологиялары деректер қауіпсіздігін арттыруда үлкен жетістіктерге жетіп отыр.

Блокчейн жүйесі арқылы ақпаратты өзгерту немесе бұзу мүмкін емес, себебі барлық мәліметтер тізбек бойынша шифрланып, бірнеше серверде сақталады. Әскери салада блокчейн технологиялары логистиканы басқару, құжаттарды бақылау және мәліметтердің қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін қолданылады. Мысалы, британдық қорғаныс ұйымдары бұл технологияны әскери жеткізілімдерді бақылау үшін пайдаланып, сенімділікті арттырып отыр. [4,55]

Қазіргі уақытта автоматтандырылған жүйелер қару-жарақ саласында да кеңінен қолданылады. Интеллектуалды қару-жарақ жүйелері нақты уақыт режимінде жағдайды талдап, нысаналарды анықтайды. Мұндай жүйелер адамның қатысуынсыз дәлдікпен ату немесе шабуылдан қорғану үшін қолданылады. Мысал ретінде, Израильдің Iron Dome жүйесін алуға болады. Бұл жүйе жаудың зымырандарын дәлдікпен анықтап, оларды жоюға қабілетті. Осындай технологиялар әскерилердің қауіпсіздігін қамтамасыз етіп, соғыс қимылдарының тиімділігін арттырады.

Тағы бір заманауи бағыт — гипердыбыстық қару жүйелері. Гипердыбыстық технологиялар жылдамдығы сағатына 6 мың шақырымнан асатын қарулар жасауға мүмкіндік берді. Мұндай қару кез келген радар жүйесін айналып өтіп, жаудың қорғанысын бұза алады. Ресей мен Қытай сияқты елдер гипердыбыстық қару-жарақтың жаңа түрлерін жасап шығаруда алда келеді. Бұл технология әлемдік қауіпсіздік архитектурасына үлкен әсер етуде, себебі мұндай қаруларға қарсы тұру өте қиын. Гипердыбыстық қарудың әскери операцияларға әсері зор. Олар жаудың стратегиялық нысандарына жылдам шабуыл жасап, қорғаныс жүйелерін бұзып өтеді. Алайда, мұндай қарулардың дамуы халықаралық қарулану жарысын күшейтіп отыр, сондықтан әлем елдері арасында жаңа технологияларға негізделген қорғаныс жүйелерін жетілдіру қажеттілігі туындады.

Заманауи қару-жарақ жүйелерінің тағы бір бағыты — лазерлік және микротолқынды технологиялар. Лазерлік қарулар нысаналарды жедел жоюға мүмкіндік береді, себебі олар жарықтың шоғын қолданады. Бұл қарулар ұшақтар мен дрондарды, зымырандарды көздеуге және жоюға тиімді. Мысалы, АҚШ Әскери-теңіз күштері лазерлік жүйелерді кемелерге орнатып, зымыран шабуылдарына қарсы қорғаныс жасауда қолданады.



Лазерлік қарулардың артықшылығы — олардың жұмыс істеу жылдамдығы мен дәстүрлі қаруларға қарағанда дәлдігі. Микротолқынды қарулар да тиімді қорғаныс жүйесі болып саналады. Олар электроника мен байланыс құралдарын істен шығару үшін қолданылады.

Мұндай қарулар киберсоғыс жағдайында маңызды рөл атқарады, себебі олар жаудың байланыс жүйелерін бұзып, шабуыл жасау мүмкіндігін төмендетеді. Бұл технологиялардың дамуымен бірге заманауи соғыстың сипаты да өзгеріп, дәстүрлі әдістердің орнына жаңа қорғаныс тәсілдері пайда болуда.

Жоғарыда айтылған мысалдар мен бағыттар күш құрылымдарының болашақта одан әрі автоматтандырылып, жоғары технологиялармен жабдықталатынын көрсетеді. Бұл тек жауынгерлік тиімділікті арттырып қана қоймай, қауіпсіздікті күшейтуге де септігін тигізеді.

Келешекте заманауи технологиялардың ықпалы арта беретіні сөзсіз, және бұл күш құрылымдарын дамытудың басты бағыты болып қала береді.[5,23]

Қорытындылай келе, күш құрылымдарындағы байланыс құралдары мен автоматтандырылған жүйелерді дамыту қауіпсіздік деңгейін айтарлықтай арттырып отыр. Бұл жүйелердің тиімділігі озық технологияларды қолдануға және оларды дұрыс интеграциялауға байланысты. Заманауи байланыс құралдары мен автоматтандырылған басқару жүйелері операциялардың шапшаңдығы мен дәлдігін қамтамасыз етеді, бұл әсіресе шұғыл және төтенше жағдайларда өте маңызды.

Жасанды интеллект, AR, VR және киберқорғаныс технологиялары қауіпсіздік саласына жаңа серпін беріп, жауынгерлерді күрделі операцияларға дайындаудың тиімді әдістерін ұсынады. Болашақта бұл бағытта зерттеулер жалғасын тауып, жаңа технологиялар енгізіле бермек, себебі қауіпсіздік пен тұрақтылық – кез келген мемлекеттің басты басымдығы.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Оразалиев, С. (2019). Байланыс жүйелерінің қауіпсіздігі. Алматы: Рауан. Доступно по ссылке: kazneb.kz.
2. Қуандықов, Ә. (2020). Автоматтандырылған басқару технологиялары. Нұр-Сұлтан: Фолиант. Доступно по ссылке: adebiportal.kz.
3. Тұрсынбекұлы, Б. (2021). Әскери телекоммуникация жүйелері. Түркістан: ERI. Доступно по ссылке: eurasian-research.org.
4. Айсұлу, М. (2018). Киберқауіпсіздік және оның қорғаныс жүйесіндегі маңызы. Астана: ҚазҰАҚ. Доступно по ссылке: kazneb.kz.
5. Сүлейменов, Ж. (2022). Жасанды интеллект: Қолдану салалары мен болашағы. Алматы: Жазушы баспасы. Доступно по ссылке: kazneb.kz



«СОВРЕМЕННЫЕ ТЕХНОЛОГИИ В ОБЛАСТИ ИНФРОВИЗАЦИИ И
АВТОМАТИЗИРОВАННЫХ СИСТЕМ В МВД РК»

Есбулатова Адилова Сайя Айдынгалиевна
курсант второго курса
Алматинской академии МВД Республики Казахстан имени Макана

Аннотация: Статья посвящена анализу и разбору современных технологий, помогающих в выявлении, пресечении и расследований правонарушений, систем способствующих де бюрократизации государственного аппарата. Выявлены основные функции передовых технологий и систем. Место, роль и перспектива инфровизации в деятельности правоохранительных органов.

Ключевые слова: МВД, инфровизация, передовые технологии и системы, де бюрократизация, ЭЦП.

Министерство внутренних дел как центральная составляющая в системе государственной власти играет ключевую роль в обеспечении правопорядка, защиты прав и свобод граждан.

